



Bank of Kazakhstan

Қазақстан Ұлттық Банкінің

# Хабаршысы

- 1 Баспасөз релиздері
- 7 Шетел валюталарының ресми бағамдары
- 8 Қазақстан экономикасы қаржы секторының ағымдағы жай-күйі
- 19 Нормативтік құқықтық актілер

«Қазақстан Ұлттық Банкінің хабаршысы»,

Редакторы:

Ақышев Д.Т. – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары;

Редактордың орынбасары:

Терентьев А. Л. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің директоры;

Кеңес мүшелері:

Орлов П.Е. – Зерттеу және статистика департаментінің кәсіпорындар мониторингі басқармасының бастығы;

Дюгай Н. Н. – Төлем балансы және валюталық реттеу департаментінің директоры;

Нәжімеденова С.Ж. – Қызметкерлермен жұмыс жүргізу департаментінің аударма және мемлекеттік тілді ендіру басқармасының бастығы;

шығарылым үшін жауапты:

Жегібаева М.Б. – Ұйымдастыру жұмысы, сыртқы және қоғамдық байланыстар департаментінің қоғамдық байланыстар басқармасының сарапшысы.

Құрылтайшы – Қазақстан Ұлттық Банкі

Басылым ҚР Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінде 1997 ж. 24.02.  
№ 432 тіркелген

Қазақстан Ұлттық Банкі

1995 жылдан бастап шығарылады



ТОО "АСЫЛ КІТАП" БАСПА ҮЙІ

Республика Казахстан  
050009, г. Алматы, пр. Абая 143, офис 102  
E-mail: [asylkitap@mail.ru](mailto:asylkitap@mail.ru)  
Тел.: +7 727 3944167  
+7 701 727 0394

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 6 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І  
2013 жылғы 1 наурыз**

*М. Төлебаевтың 100 жылдығына арналған ескерткіш монетаны  
айналысқа шығару туралы*

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2013 жылғы 1 наурыздан бастап М. Төлебаевтың 100 жылдығына арналған, нейзильбер қоспасынан жасалған номиналы 50 теңгелік ескерткіш монетаны айналысқа шығару туралы хабарлайды.

Монетаның бет жағында (аверсінде) жоғарғы бөлігінде Қазақстан Республикасының елтаңбасы бейнеленген. Елтаңба бейнесінің оң жағында «ҚҰБ» деген аббревиатура орналасқан. Төменгі бөлігінде монетаның номиналын білдіретін «50 ТЕҢГЕ» деген жазу бар. Номиналдың сол және оң жағында ұлттық ою-өрнек элементі бейнеленген. Айналдыра мемлекеттік тілде «ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ» деген жазу және шығыңқы жиек бар.



Монетаның сырт жағында (реверсінде) нота жолдарының аясында М. Төлебаевтың Алматы қаласында орналасқан ескерткіші бейнеленген. Сол жағында мемлекеттік тілде «МҰҚАН ТӨЛЕБАЕВ» деген жазу және туылған жылы мен монетаның соғылған жылын білдіретін «1913-2013» деген сандар бар. Айналдыра шығыңқы жиек жүргізілген.

Монетаның бет және сырт жағындағы бейнелер мен жазулар бедерлі.

Қыры (гурты) бедерлі.

Монета «нейзильбер» қоспасынан жасалған, диаметрі – 31 мм, массасы – 11,17 грамм, таралымы – 100 мың дана.

Номиналы 50 теңгелік ескерткіш монеталар Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында көрсетілген құнымен төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ шоттарға, салымдарға, аккредитивтерге есептеу үшін және аударым жасау үшін қабылдануға міндетті, Қазақстан Республикасының барлық банктерінде шектеусіз ұсақталады және айырбасталады.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің түсіндірмесі**

2013 жылғы 13 наурызда композитор, педагог және қоғам қайраткері, КСРО халық әртісі, ҚазКСР еңбек сіңірген өнер қайраткері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқан Төлебайұлы Төлебаевтың туылғанына 100 жыл толады.

Ескерткіш монеталарды «Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қазақстан теңге сарайы» шаруашылық жүргізу құқығы бар республикалық мемлекеттік кәсіпорны дайындаған.

Монеталардың дизайны Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 1193 Жарлығымен бекітілген Ұлттық валюта – Қазақстан теңгесі банкноттары мен монеталары дизайнының тұжырымдамасына сәйкес әзірленген.

Ескерткіш монеталардың бір мың данасы арнайы пластикалық термовакуумды ораумен сатуға арнап шығарылды.

Монеталарды Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің барлық филиалдарында сатып алуға болады. Алматы қаласындағы мекенжайы: Панфилов көшесі, 98. Анықтама телефоны (727) 273-83-98.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мынадай телефондар бойынша алуға болады: +7 (727) 2704-639,  
+7 (727) 2704-998; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz) ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz))*



## **№ 7 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ** **2013 жылғы 4 наурыз**

*«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаржылық мониторинг рәсімдерін банктердің тиісінше орындамағаны үшін санкциялар қолдану туралы*

«Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген қаржылық мониторинг рәсімдерін банктердің тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 2013 жылғы 25 ақпанда «Темірбанк» АҚ-ға, «Kaspi Bank» АҚ-ға, «ЦентрКредит Банкі» АҚ-ға, «Сбербанк России» АҚ ЕБ-ға банктік және өзге де операцияларды және бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүргізуге берілген лицензиялардың қолданылуын қолма-қол шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру бөлігінде 1 ай мерзімге тоқтата тұру туралы қаулыларды қабылдады.

Қабылданған шешімдерге сәйкес «Темірбанк» АҚ, «Kaspi Bank» АҚ, «ЦентрКредит Банкі» АҚ, «Сбербанк России» АҚ ЕБ банктерінің 2013 жылғы 28 ақпан – 28 наурыз аралығындағы кезеңде клиенттермен қолма-қол шетел валютасын сатып алу мен сату операцияларын жүргізуге құқығы жоқ. Лицензияның қолданылуы жаңартылғанға дейінгі кезеңде (2013 жылғы 28 наурызға дейін) банктер ішкі бақылау жүйесінде және қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы мәліметтер жинау мен ақпарат беру рәсімдерінде анықталған кемшіліктерді жою жөнінде шаралар қабылдауы қажет.

Көрсетілген банктердің клиенттермен қолма-қол шетел валютасын сатып алу мен сату операцияларын жүзеге асыруды уақытша тоқтата тұруы бұл банктердің клиенттермен қолма-қол емес тәртіппен айырбастау операцияларын және шетел валютасында банкте ашылған шоттардан (шоттарға) қолма-қол шетел валютасын алу (есептеу) операцияларын жүргізуін шектемейді.

Жеке, сол сияқты заңды тұлғалардың кез келген валютадағы кез келген депозиттеріне және шоттарына қызмет көрсету қандай да болмасын өзгерістерсіз жүзеге асырылады.

Қолма-қол шетел валютасын кез келген қажетті көлемде сатып алу мен сату бойынша халыққа қызмет көрсетуді басқа банктердің және уәкілетті ұйымдардың айырбастау пункттері бұрынғы режимде жүзеге асырады.

Анықтама үшін: 2013 жылғы 1 ақпандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасында уәкілетті банктер мен уәкілетті ұйымдардың 3007 айырбастау пункті тіркелген.

*Барынша жан-жақты ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:  
+7 (727) 270 46 87; +7 (727) 330 24 55; E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz); [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*



## № 8 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І 2013 жылғы 6 наурыз

*Қаржы нарығындағы ахуал туралы*

### 1. Инфляция


Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми деректері бойынша 2013 жылғы ақпанда инфляция 0,8% (2012 жылғы ақпанда – 0,4%) деңгейінде қалыптасты. Азық-түлік тауарларының бағасы 0,4% (0,6%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,2% (0,3%-ға), ақылы қызмет көрсету 1,8% (0,2%-ға) өсті.

Азық-түлік тауарлары нарығында 2013 жылғы ақпанда көп дәрежеде жемістер мен көкөністер 1,7%-ға, оның ішінде орамжапырақ 4,0%-ға, қызылша 3,9%-ға, картоп 2,9%-ға, сондай-ақ ұнтақ жарма 1,9%-ға, макарон өнімдері 1,4%-ға, ұн 1,1%-ға, сүт өнімдері 0,6%-ға, балық және теңіз өнімдері 0,5%-ға қымбаттады. Сонымен қатар қант пен қарақұмық жармасының бағасы 0,5%-ға төмендеді.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар тобында киім мен аяқ киім бағасы 0,3%-ға, күнделікті үй заттары 0,4%-ға, дәрі-дәрмек 0,2%-ға көтерілді. Бензиннің құны аздап 0,4%-ға, дизель отыны 1,3%-ға төмендеді.

Ақылы қызмет көрсету тобында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық қызметтерінің ақысы 1,3%-ға өсті. Бұл ретте салқын су тарифі 7,2%-ға, кәріз 15,1%-ға, электр энергиясы 1,7%-ға, тұрғын үй жалдау 1,1%-ға өсті. Бұдан басқа 2013 жылғы ақпанда байланыс қызметінің бағасы 11,0%-ға, оның ішінде телефон және факсимиле байланысы 13,2%-ға, сондай-ақ медициналық қызметтер 1,1%-ға көтерілді. Көлік қызметінің бағасы 0,5%-ға арзандады.

2013 жылғы қаңтар-ақпанда инфляция 1,7% (2012 жылғы қаңтар-ақпанда – 0,7%) құрады. Азық-түлік тауарлары 2013 жылдың басынан бастап 0,9%-ға (1,2%), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 0,4%-ға (0,6%), ақылы қызмет көрсету 4,0%-ға (0,3%) қымбаттады (1-график).



2013 жылғы ақпанда инфляция жылдық көрсетумен 7,0% құрады (2012 жылғы желтоқсанда – 6,0%). Азық тауарлары соңғы 12 айда 5,0% (5,3%-ға), азық-түлікке жатпайтын тауарлар 3,3% (3,5%-ға), ақылы қызмет көрсетулер 13,4% (9,3%-ға) қымбаттады.

### 2. Халықаралық резервтер және ақша агрегаттары (алдын ала деректер)

2013 жылғы ақпанда Ұлттық Банктің халықаралық резервтері төмендеді. Ұлттық Банктің жиынтық халықаралық резервтері 26,8 млрд. АҚШ долл. дейін 1,1% төмендеді (жыл басынан бері 5,8% төмендеді). Ұлттық Банктің таза халықаралық резервтері негізінен Ұлттық қордың активтерін толықтыру мақсатында валюталар сату есебінен 1,1% азайып, 26,1 млрд. АҚШ долл. құрады (жыл басынан бері 5,9% төмендеді). Нәтижесінде таза валюта қорлары (ЕАВ) 2013 жылғы ақпанда 1,1%-ға қысқарды. Алтындағы активтер жүргізілген операциялар және әлемдік нарықтарда оның бағасының төмендеуі нәтижесінде 1,0% азайды.

2013 жылғы ақпанда елдің халықаралық резервтері жалпы алғанда, Ұлттық қордың шетел валютасындағы активтерін қоса алғанда (алдын ала деректер бойынша 59,5 млрд. АҚШ долл.) 86,2

млрд. АҚШ долларына дейін 0,8% өсті (жыл басынан бері 0,1% өсті).

2013 жылғы ақпанда ақша базасы 4,3%-ға тарылып, 2628,8 млрд. теңге болды (жыл басынан бері 9,0% тарылды). Тар ақша базасы, яғни екінші деңгейдегі банктердің Ұлттық Банктегі мерзімді депозиттерін есептемегендегі ақша базасы 2559,9 млрд. теңгеге дейін 4,1%-ға тарылды.

2013 жылғы қаңтарда ақша массасы 10495,9 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға төмендеді. Айналыстағы қолма-қол ақшаның көлемі 1422,4 млрд. теңгеге дейін 6,9%-ға азайды, банк жүйесіндегі депозиттер 0,9%-ға ұлғайып, 9073,5 млрд. теңге болды. Депозиттердің ақша массасының құрылымындағы үлесі айналыстағы қолма-қол ақша көлемінің қысқаруы аясында депозиттер көлемінің өсу салдарынан 2012 жылғы желтоқсандағы 85,5%-дан 2013 жылғы қаңтардағы 86,4%-ға дейін өсті.

Ақша мультипликаторы 2012 жылғы желтоқсандағы 3,64-тен 2013 жылғы қаңтардың қорытындылары бойынша 3,82-ге дейін ұлғайды. Ақша мультипликаторының өсуінің негізгі себебіне ақша базасының тарылу қарқынымен салыстырғанда ақша массасының барынша төменгі қарқыны әсер етті.

### 3. Валюта нарығы

2013 жылғы ақпанда теңгенің АҚШ долларына қатысты бағамы 1 АҚШ доллары үшін 150,23–150,88 теңге аралығында өзгерді. Айдың соңында теңгенің биржалық бағамы бір АҚШ доллары үшін 150,37 теңге болды.

2013 жылғы ақпанда Қазақстан қор биржасындағы биржалық операциялардың көлемі қосымша саудасаттықтардағы мәмілелерді қоса алғанда 2013 жылғы қаңтармен салыстырғанда 28,3%-ға ұлғайып, 4,2 млрд. АҚШ долл. болды. Биржадан тыс валюта нарығында операциялардың көлемі 1,7% төмендеп, 1,7 млрд. АҚШ долл. құрады.

Жалпы алғанда ішкі валюта нарығындағы операциялардың көлемі 16,2% ұлғайып, 5,8 млрд. АҚШ долл. болды.

### 4. Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы

2013 жылғы ақпанда Қаржы министрлігінің мемлекеттік бағалы қағаздарын орналастыру бойынша 5 аукцион өткізілді. Оларда 12 айлық МЕККАМ (24,3 млрд. теңге), 4 жылдық МЕОКАМ (2,1 млрд. теңге), 5 жылдық МЕОКАМ (9,8 млрд. теңге), 6 жылдық МЕУКАМ (15,1 млрд. теңге), 19 жылдық МЕУЖКАМ (5,3 млрд. теңге) орналастырылды.

Орналастырылған бағалы қағаздар бойынша тиімді кірістілік: 12 айлық МЕККАМ бойынша 2,90%, 5 жылдық МЕОКАМ бойынша– 4,04%, 4 жылдық МЕОКАМ бойынша– 3,23%, 6 жылдық МЕУКАМ бойынша – 5,75%, 19 жылдық МЕУЖКАМ бойынша – инфляция деңгейінен 0,01% құрады.

Қаржы министрлігінің айналыстағы бағалы қағаздарының көлемі өткен аймен салыстырғанда 1,9% ұлғая отырып, 2013 жылғы ақпанның аяғында 3000,8 млрд. теңгені құрады.

Қазақстан Ұлттық Банкінің қысқа мерзімді ноттары. Ұлттық Банктің ноттары эмиссиясының көлемі 2013 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2013 жылғы ақпанда 61,4% ұлғайып, 18,5 млрд. теңге болды.

Бұл ретте 3 айлық ноттарды орналастыру бойынша 2 аукцион өтті (10,1 млрд. теңге және 8,4 млрд. теңге).

Орналастырылған ноттар бойынша тиімді кірістілік 1,05% құрады.

Айналыстағы ноттардың көлемі 2013 жылғы қаңтармен салыстырғанда 2013 жылдың ақпанының аяғында 17,1% қысқарып, 124,9 млрд. теңгені құрады.

### 5. Банкаралық ақша нарығы

2013 жылғы қаңтарда орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемі 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 60,3%-ға ұлғайып, баламасы 2608,8 млрд. теңге болды.

Орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттердің көлемі 2,6 есе өсіп, 317,4 млрд. теңге (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 12,2%) болды. Бұл ретте орналастырылған теңгедегі банкаралық депозиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қаңтарда 1,23%-дан 1,28%-ға дейін өсті.

2013 жылғы қаңтарда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда орналастырылған доллардағы депозиттердің көлемі 53,4%-ға ұлғайды және 14,8 млрд. АҚШ долл. (орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 85,5%) болды. Орналастырылған доллардағы депозиттер бойынша орташа алынған

сыйақы мөлшерлемесі 2013 жылғы қаңтарда 0,13%-дан 0,09%-ға дейін төмендеді.

Еуроодағы және рубльдегі депозиттерге орналастыру көлемі шамалы болып калуда – орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінен тиісінше 0,2 және 2,2%.

Шетел валютасындағы банкаралық депозиттердің үлесі 2013 жылғы қаңтарда орналастырылған депозиттердің жалпы көлемінің 92,5%-дан 87,8%-ға дейін төмендеді. Орналастырылған банкаралық депозиттердің жалпы көлемінен шетел валютасында резидент емес банктерде орналастырылған депозиттердің үлесі 92,1%-дан 87,4%-ға дейін азайды.

Ұлттық Банк банктерден тартқан депозиттердің көлемі 2013 жылғы қаңтарда 2012 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 3 есеге 312,5 млрд. теңгеге дейін өсті.

## 6. Депозит нарығы

Резиденттердің депозиттік ұйымдардағы депозиттерінің жалпы көлемі 2013 жылғы қаңтарда 9073,5 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды. Заңды тұлғалардың депозиттері сияқты жеке тұлғалардың депозиттері де бір айда тиісінше 5671,1 млрд. теңгеге және 3402,4 млрд. теңгеге 0,9%-ға өсті.

2013 жылғы қаңтарда шетел валютасындағы депозиттердің көлемі 2795,9 млрд. теңгеге дейін 4,2%-ға өсті (заңды тұлғалар – 7,6%-ға өсу, жеке тұлғалар – 0,6%-ға өсу), ал ұлттық валютада 6277, млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға төмендеді (заңды тұлғалар – 1,3% төмендеу, жеке тұлғалар – 1,1%-ға өсу). Теңгемен депозиттердің үлес салмағы бір айда 70,2%-дан 69,2%-ға дейін төмендеді.

Банктердегі халықтың салымдары (резидент еместерді қоса есептегенде) 2013 жылғы қаңтарда 3438,5 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға өсті. Халықтың салымдары құрылымында теңгедегі депозиттер 2093,6 млрд. теңгеге дейін 1,0%-ға ұлғайды, шетел валютасындағы депозиттер 1344,9 млрд. теңгеге дейін 0,6%-ға өсті. Халық салымдарының құрамында теңгедегі депозиттердің үлес салмағы бір айда 60,8%-дан 60,9%-ға дейін ұлғайды.

2013 жылғы қаңтарда мерзімді депозиттер 5911,2 млрд. теңгеге дейін 0,4%-ға төмендеді. Мерзімді депозиттердің құрамында теңгедегі депозиттер 3980,4 млрд. теңгеге дейін 0,5%-ға өсті, шетел валютасындағы депозиттер 1930,8 млрд. теңгеге дейін 2,3%-ға төмендеді.

2013 жылғы қаңтарда банктік емес заңды тұлғалардың теңгедегі мерзімді депозиттері бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 3,0% (2012 жылғы желтоқсанда - 3,6%), ал жеке тұлғалардың депозиттері бойынша – 7,9% (8,3%) болды.

## 7. Кредит нарығы

2013 жылғы қаңтарда банктердің экономиканы кредиттеуінің жалпы көлемі 9902,4 млрд. теңгені құрап, 0,6%-ға төмендеді.

Ұлттық валютадағы кредиттердің көлемі 7018,2 млрд. теңгеге дейін 0,3%-ға азайды, шетел валютасындағы кредиттердің көлемі 2884,2 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға төмендеді. Теңгедегі кредиттердің үлес салмағы бір айда 70,7%-дан 70,9%-ға дейін өсті.

2013 жылғы қаңтарда ұзақ мерзімді кредиттеу 8024,9 млрд. теңгені құрап, 0,3%-ға өсті, қысқа мерзімді кредиттеу 1877,5 млрд. теңгеге дейін 4,0%-ға төмендеді. Ұзақ мерзімді кредиттердің үлес салмағы бір айда 80,4%-дан 81,0%-ға дейін өсті.

2013 жылғы қаңтарда заңды тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 7022,8 млрд. теңгеге дейін 1,1%-ға азайды, жеке тұлғаларға берілген кредиттердің көлемі 2879,7 млрд. теңгеге дейін 0,9%-ға ұлғайды. Жеке тұлғаларға берілген кредиттердің үлес салмағы бір айда 28,7%-дан 29,1%-ға дейін ұлғайды.

2013 жылғы қаңтарда шағын кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу 1391,2 млрд. теңгеге дейін 1,5%-ға төмендеді, бұл экономикаға берілген кредиттердің жалпы көлемінің 14,0%-ын құрайды.

Банктердің экономикаға берілген кредиттерінің неғұрлым айтарлықтай сомасы салалық бөлуде сауда (жалпы көлемдегі үлесі – 19,8%), құрылыс (14,0%), өнеркәсіп (11,9%), көлік (4,2%) және ауыл шаруашылығы (3,3%) сияқты салаларға тиесілі.

2013 жылғы қаңтарда банктік емес заңды тұлғаларға ұлттық валютада берілген кредиттер бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 10,6% (2012 жылғы желтоқсанда – 10,3%), жеке тұлғаларға – 22,0% (21,2%) болды.



**№ 9 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І**  
**2013 жылғы 14 наурыз**

*Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың  
құқықтарын қорғау комитетін құру туралы*

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 458 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау комитеті (бұдан әрі – Комитет) құрылды.

Комитет белгіленген құзыретінің шегінде қаржылық қызметтерді және микроқаржы ұйымдарының қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ведомствосы болып табылады.

Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің, Ұлттық Банктің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады.

Комитет Ұлттық Банк бюджетінің (шығыстар сметасының) қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Комитеттің заңды мекенжайы: 050000, Алматы қаласы, Әйтеке би к-сі, 67.

Комитеттің Төрайымы болып Айманбетова Гүлбану Зарлыққызы тағайындалды.

Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың тиісті деңгейін қамтамасыз ету Комитеттің негізгі міндеті болып табылады.

Комитет Ұлттық Банк құзыретінің шегінде мынадай негізгі функцияларды атқарады:

- қаржылық қызметтерді көрсету мәселелері бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарайды;
- қаржылық қызметтерді тұтынушыларға олардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша құқықтық көмек көрсетеді;
- қаржылық қызметтерді тұтынушылар құқықтарының бұзылуын анықтайды;
- қаржы нарығының субъектілері көрсететін қызметтердің сапасына және олар тарататын қаржылық қызметтер туралы ақпаратқа қадағалауды жүзеге асырады.

*Толығырақ ақпаратты мына телефондар бойынша алуға болады:*

+7 (727) 270-46-39, +7 (727) 270-49-98;

*E-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz), [www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)*

2013 жылғы шетел валюталарының ресми айырбастау бағамдары


	01.03	02-04.03	05.03	06.03	07.03	08-11.03	12.03	13.03	14.03	15.03
Австралия доллары	AUD	154,52	154,1	152,73	154,43	154,75	154,88	155,07	155,48	156,09
Ағылшын фунт стерл.	GBP	228,43	228,35	226,71	228,42	227,57	226,03	224,68	225,14	225,26
Белорусь рублі	BYR	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02	0,02
БРАЗИЛИЯ РЕАЛЫ	BRL	76,12	76,09	76,05	76,45	76,74	76,54	76,96	76,68	76,47
Венгер форинті	HUF	0,67	0,67	0,66	0,66	0,66	0,66	0,65	0,64	0,64
1 Гонконг доллары	HKD	19,39	19,42	19,43	19,44	19,43	19,44	19,44	19,45	19,45
Дат кронасы	DKK	26,5	26,4	26,29	26,45	26,39	26,34	26,3	26,34	26,21
БАӘ дирхамы	AED	40,94	40,99	41,03	41,06	41,02	41,05	41,05	41,07	41,07
АҚШ доллары	USD	150,37	150,56	150,71	150,8	150,68	150,78	150,79	150,85	150,86
Еуро	EUR	197,56	196,75	196,03	197,14	196,7	196,32	196,09	196,36	195,47
Канада доллары	CAD	147,1	146,2	146,43	147,04	146,62	146,36	146,68	146,93	146,95
Қытай юані	CNY	24,17	24,2	24,21	24,24	24,23	24,24	24,26	24,28	24,27
Кувейт динары	KWD	531,53	532,58	531,23	531,92	531,5	531,1	531,32	530,79	529,89
Қырғыз сомы	KGS	3,16	3,17	3,17	3,17	3,16	3,16	3,15	3,16	3,16
Латвия латы	LVL	282,23	281,53	280,03	281,45	281,01	280,31	280,07	280,23	279,01
Литва литі	LTL	57,26	57,02	56,79	57,11	56,99	56,87	56,79	56,9	56,62
Малайзия ринггитті	MYR	48,67	48,65	48,53	48,64	48,52	48,54	48,52	48,56	48,51
Молдова лейі	MDL	12,3	12,31	12,3	12,36	12,35	12,33	12,3	12,3	12,27
Норвег кронасы	NOK	26,42	26,26	26,26	26,48	26,5	26,43	26,31	26,38	26,11
Польша злотыйы	PLN	47,54	47,5	47,4	47,67	47,68	47,36	47,31	47,46	47,25
Сауд Аравиясының риялы	SAR	40,1	40,15	40,19	40,21	40,18	40,21	40,21	40,22	40,23
Ресей рублі	RUB	4,93	4,91	4,89	4,92	4,92	4,91	4,9	4,91	4,9
СДР	XDR	227,7	228,07	227,2	227,15	227,46	227,49	227,37	226,52	226,7
Сингапур доллары	SGD	121,74	121,68	120,88	121,15	121,04	120,93	120,86	120,93	120,73
Тәжік сомони	TJS	31,63	31,67	31,7	31,72	31,69	31,72	31,72	31,73	31,73
1 түрік лирі	TRY	83,68	83,69	83,59	83,98	84,08	83,9	83,6	83,62	83,16
Өзбек сумы	UZS	0,08	0,08	0,08	0,07	0,08	0,08	0,07	0,07	0,07
Украин гривнасы	UAH	18,45	18,49	18,49	18,51	18,59	18,53	18,57	18,58	18,63
Чех кронасы	CZK	7,72	7,67	7,64	7,68	7,7	7,7	7,67	7,66	7,65
Швед кронасы	SEK	23,38	23,49	23,42	23,65	23,66	23,66	23,57	23,69	23,41
Швейцар франкі	CHF	161,98	160,84	159,87	160,49	159,87	159,29	158,99	159,26	158,18
Оңтүстік Африка рандысы	ZAR	17,01	16,76	16,59	16,65	16,68	16,6	16,43	16,43	16,28
100 Оңтүстік Корея воны	KRW	13,88	13,89	13,79	13,89	13,93	13,88	13,77	13,73	13,62
1 жапон йенасы	JPY	1,63	1,63	1,61	1,62	1,61	1,61	1,57	1,57	1,56

## ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫНДАҒЫ ҚАРЖЫ СЕКТОРЫНЫҢ АҒЫМДАҒЫ ЖАЙ-КҮЙІ

### 1. ВАЛЮТА НАРЫҒЫ

	Кезең соңындағы ресми бағам	Кезеңдегі орташа алынған биржалық бағам, кезең үшін		Қазақстан қор биржасының сауда- саттық көлемі
	USD/KZT	USD/KZT	%*	млн. \$
<b>11.02-15.02</b>	<b>150,50</b>	<b>150,49</b>	<b>-0,06</b>	<b>747,35</b>
<b>18.02-22.02</b>	<b>150,30</b>	<b>150,34</b>	<b>-0,10</b>	<b>1 749,65</b>
<b>25.02-01.03</b>	<b>150,37</b>	<b>150,37</b>	<b>0,02</b>	<b>1 026,65</b>
25.02.2013	150,23	150,26	0,02	112,90
26.02.2013	150,26	150,30	0,03	427,20
27.02.2013	150,30	150,45	0,10	157,50
28.02.2013	150,45	150,37	-0,05	169,15
01.03.2013	150,37	150,56	0,13	159,90
<b>04.03-07.03</b>	<b>150,68</b>	<b>150,75</b>	<b>0,26</b>	<b>636,65</b>
04.03.2013	150,56	150,71	0,10	130,60
05.03.2013	150,71	150,80	0,06	185,40
06.03.2013	150,80	150,68	-0,08	109,00
07.03.2013	150,68	150,78	0,07	211,65

\* - өткен кезеңге өзгерістер






## 2. МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫ

Мемлекеттік бағалы қағаздардың бастапқы нарығы

	сұраныстың ұсыныстан артуы, есе	сұраныстың қанағаттандырылуы, %	кезеңдегі орташа тиімді түсімділік, %	қанағаттандырылған сұраныс көлемі млрд. теңге
<b>Қаржыминінің МБҚ</b>				
08.01-11.01	2,3	79,5	5,58	18,0
14.01-18.01	1,4	41,29	3,13	14,4
21.01-25.01	2,2	36,01	6,52	18,0
28.01-01.02	17,9	5,89	инф+0,01	5,3
04.02-08.02	2,9	49,38	3,66	34,1
11.02-15.02	1,87	62,17	5,75	15,1
18.02-22.02	2,31	9,20	3,23	2,1
25.02-01.03	2,0	25,0	инф+0,01	5,0
04.03-07.03	-	-	-	-
<b>Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ноттары</b>				
08.01-11.01	-	-	-	-
14.01-18.01	0,32	100	1,05	6,5
21.01-25.01	-	-	-	-
28.01-01.02	0,50	100	1,05	10,1
04.02-08.02	-	-	-	-
11.02-15.02	0,45	94,4	1,05	8,4
18.02-22.02	-	-	-	-
25.02-01.03	-	-	-	-
04.03-07.03	-	-	-	-

**Теңгемен номинирленген МБҚ нарығы**



Айналыстағы мемлекеттік бағалы қағаздар (дисконтталған құны бойынша)

	Көлемі млн.теңге				
	Барлығы	оның ішінде Қаржымінің МБҚ			оның ішінде ҚҰБ ноттары
		ұзақ мерзімді	орташа мерзімді	қысқа мерзімді	
29.12.12	3 091 265,03	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	186 098,41
04.01.13	3 085 280,63	2 237 571,87	586 778,14	80 816,61	180 114,01
11.01.13	3 089 820,30	2 237 571,87	604 812,84	67 321,57	180 114,01
18.01.13	3 110 711,95	2 237 571,87	609 507,67	77 030,31	186 602,10
25.01.13	3 092 809,04	2 255 618,67	609 507,67	77 030,31	150 652,39
01.02.13	3 120 090,43	2 260 888,67	609 507,67	101 325,74	148 368,35
08.02.13	3 117 265,92	2 260 888,67	619 340,30	101 325,74	135 711,21
15.02.13	3 121 537,74	2 276 005,42	619 340,30	101 325,74	124 866,27
22.02.13	3 123 662,19	2 276 005,42	621 464,75	101 325,74	124 866,27
01.03.13	3 128 707,31	2 281 050,55	621 464,75	101 325,74	124 866,27
07.03.13	3 128 707,31	2 281 050,55	621 464,75	101 325,74	124 866,27

### 3. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ЕУРОНОТТАР НАРЫҒЫ



	2003ж. шығарылым
Шығару кезіндегі кірістілік	7,637
04.03.2013	2,626
05.03.2013	2,628
06.03.2013	2,633
07.03.2013	2,167
<i>эмиссия басталғаннан бері</i>	-5,47
<i>бір апта ішінде</i>	-0,456



#### 4. ТӨЛЕМ ЖҮЙЕЛЕРІ

	БААЖ			БТЖ		
	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %	Саны, мың	Көлемі, млрд. теңге	Көлемінің өзгеруі %
25.02-01.03	360,2	3 006,1	-8,3	522,3	76,9	-16,0
04.03-07.03	210,7	1 901,1	-36,8	272,3	64,5	-16,2

Банкаралық ақша аудару жүйесі







## 5. ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ЖӘНЕ ТАУАР НАРЫҚТАРЫ

Индекс	Тармақтардағы мәні		Өзгеруі	
	01.03.2013	07.03.2013	кезең үшін	2001ж. жел.бастап
Dow Jones	14 089,66	14 329,49	1,70%	41,36%
Nikkei 225	11 606,38	11 968,08	3,12%	13,52%
DAX	7 708,16	7 939,77	3,00%	53,87%
FTSE	6 378,60	6 439,16	0,95%	23,86%
Hang Seng	22 880,22	22 771,44	-0,48%	99,20%


**Dow Jones және Nikkei 225 индекстерінің динамикасы**



Бағамы	Мәні		Өзгеруі	
	01.03.2013	07.03.2013	кезең үшін	2001ж. желтоқ. бастап
USD/JPY	93,59	94,83	1,32%	-27,67%
GBP/USD	1,5040	1,5015	-0,17%	3,46%
EUR/USD	1,3025	1,3107	0,63%	48,02%
USD/RUR	30,51	30,62	0,36%	0,41%



Тауарлар	Өлшем бірлігі	Бағасы, АҚШ долл.		Өзгеруі	
		01.03.2013	07.03.2013	кезең үшін	01ж. желтоқ. бастап
алтын	тр.ун.	1576,2	1579,0	0,17%	470,75%
мыс	метр.тонна	7 673,0	7 734,0	0,79%	429,56%
мырыш	метр.тонна	1 997,5	1 970,8	-1,34%	155,44%
мұнай	баррель	110,26	110,67	0,37%	445,17%
астық	тонна	258,67	253,53	-1,99%	151,37%




## 6. БАНКАРАЛЫҚ АҚША НАРЫҒЫ

### Екінші деңгейдегі банктердің қысқа мерзімді банкаралық депозиттері бойынша мәліметтер

	Резидент банктер				Резидент емес банктер			
	1 айға дейін		1 айдан астам		1 айға дейін		1 айдан астам	
	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырылған депозиттер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)	Орналас- тырыл- ған депозит- тер көлемі*	Орташа алынған сыйақы мөлшер- лемесі (%)
<b>21.01.13-25.01.13</b>								
KZT	38 800 000	0,51	0	0,00	303 000	2	0	0,00
USD	20 000	0,10	0	0,00	3 517 337	0,09	64 700	0,83
EURO	0	0,00	7 000	3,25	0	0,00	7 000	3,75
RUR	0	0,00	0	0,00	3 934 000	4,40	0	0,00
<b>28.01.13-01.02.13</b>								
KZT	93 800 000	2,69	0	0,00	510 000	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	4 144 973	0,08	40 032	0,43
EURO	0	0,00	0	0,00	0	0,00	8 000	3,38
RUR	0	0,00	0	0,00	2 969 000	5,08	0	0,00
<b>04.02.13-08.02.13</b>								
KZT	245 100 000	0,57	150 000	3,00	199 000	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	4 538 236	0,07	12 330	4,42
EURO	0	0,00	0	0,00	2 000	0,35	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	3 095 000	4,33	0	0,00
<b>11.02.13-15.02.13</b>								
KZT	137 800 000	0,54	0	0,00	324 000	3	0	0,00
USD	0	0,00	0	0,00	2 383 760	0,09	500	12,00
EURO	0	0,00	0	0,00	1 000	0,35	0	0,00
RUR	0	0,00	0	0,00	3 741 000	4,76	0	0,00

\*- мың валюта бірлігі






### Биржадан тыс банкаралық валюталық операциялар (сату)

Кезеңдер, валютаның түрлері	Мәмілелердің жалпы көлемі (мың валюта бірлігі)	оның ішінде резидент банктер		Орташа алынған мәміле бағамы, бір валюта үшін теңгемен	оның ішінде:  (мың валюта бірлігі)
		(мың валюта бірлігі)	% *		
21.01.13-25.01.13 USD RUB EUR	454 584 74 547 9 677	301 058 60 800 9 677	66,2 81,6 100,0	150,77 5,00 201,36	150,78 4,99 201,36
28.01.13-01.02.13 USD RUB EUR	509 476 75 197 15 299	241 768 60 300 15 299	47,5 80,2 100,0	150,79 5,03 203,26	150,84 5,02 203,26
04.02.13-08.02.13 USD RUB EUR	407 095 85 767 11 665	197 498 68 700 11 665	48,5 80,1 100,0	150,59 5,02 203,71	150,58 5,02 203,71
11.02.13-15.02.13 USD RUB EUR	244 351 102 824 8 975	100 255 85 500 8 975	41,0 83,2 100,0	150,53 5,01 201,69	150,54 5,01 201,69

\* резидент банктер мәмілелерінің жалпы мәмілелер көлеміне үлес салмағы



## **Қазақстанның төлем жүйесінің 2013 жылғы I тоқсандағы жұмыс істеуі туралы ақпарат**

### **Қазақстан Республикасының төлемдер жүйелеріндегі төлемдер ағыны және көлемі**

Тұтастай алғанда Қазақстанның төлем жүйелері арқылы (Банкаралық ақша аударымы жүйесі және Банкаралық клиринг жүйесі) 2013 жылғы I тоқсанда 35 965,2 млрд. теңге (немесе 238,7 млрд. АҚШ долл.) сомаға 8,0 млн. транзакция жүргізілді. 2012 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда төлем жүйелеріндегі төлемдер саны 8,5%-ға (623,7 мың транзакцияға) ұлғайды, төлемдер сомасы 7,2% (2 782,6 млрд. теңгеге) азайды.

### **Банкаралық ақша аударымы жүйесі (БААЖ)**

2013 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша БААЖ-да 50<sup>1</sup> пайдаланушы тіркелді.

2013 жылғы I тоқсанда барлығы БААЖ арқылы 35 037,5 млрд. теңге (232,6 млрд. АҚШ долл.) сомаға 3,1 млн. транзакция жүзеге асырылды. 2012 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда төлемдер саны 14,5%-ға (389,7 мың транзакцияға) ұлғайды, төлемдер сомасы 7,6% (2 866,4 млрд. теңгеге) азайды.

Орташа алғанда бір күнде БААЖ арқылы 2013 жылғы I тоқсанда 614,7 млрд. теңге сомаға 54,1 мың транзакция өтті, бұл 2012 жылғы осындай кезеңдегі деңгейден саны бойынша 18,5%-ға (8,4 мың транзакцияға) көп және сомасы бойынша 4,3%-ға (27,7 млрд. теңгеге) аз. Бұл ретте БААЖ-дағы бір төлем құжатының орташа сомасы 2013 жылғы I тоқсанда 11,4 млн. теңге болды және 2012 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 19,2% (2,7 млн. теңгеге) азайды.

Бұл ретте БААЖ, елдің жүйелік-мәнді төлем жүйесі арқылы 2013 жылғы I тоқсанда елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінің 97,4%-ы және олардың жалпы санының 38,2%-ы өңделді, бұл аса ірі және жоғары басымдықты төлемдерді жүргізу кезінде БААЖ мақсатының орындалғандығын білдіреді.

### **Банкаралық клиринг жүйесі.**

2013 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша ҚБЕО Банкаралық клирингі жүйесінде 38 қатысушы тіркелді.

2013 жылғы I тоқсандағы бөлшек төлемдер ағыны 927,6 млрд. теңге (6,2 млрд. АҚШ долл.) сомаға 4,9 млн. құжат болды. 2012 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда клиринг жүйесіндегі құжаттар саны 5,1% (234,0 мың құжат) ұлғайды, төлемдер сомасы 9,9% (83,8 млрд. теңге) өсті.

Орташа алғанда бір күнде клиринг жүйесі арқылы 2013 жылғы I тоқсанда 16,3 млрд. теңге сомаға 85,4 мың құжат өтті, бұл 2012 жылғы осындай кезеңдегі деңгейден төлемдер саны бойынша 8,7% (6,9 мың транзакция) және төлем сомасы бойынша – 13,8% (2,0 млрд. теңге) көп болды. Бұл ретте 2013 жылғы I тоқсанда Банкаралық клиринг жүйесіндегі бір төлемнің орташа сомасы 190,6 мың теңге болды және 2012 жылғы I тоқсанмен салыстырғанда 4,6% (8,5 мың теңге) ұлғайды.

Сонымен қатар, басымдылығы жоғары болып табылмайтын және 5 млн. теңге сомадан аспайтын төлемдер жүргізуге арналған Банкаралық клиринг жүйесінде елдегі қолма-қол жасалмайтын төлемдердің жалпы көлемінен 61,2% және олардың жалпы көлемінен 2,6% жүзеге асырылды, бұл клиринг жүйесінің ұсақ сомаларға арналған төлемдердің едәуір санын жүргізу қызметін орындағанын көрсетеді.

## **Төлем құралдарын пайдалану.**

### **Төлем карточкалары.**

2013 жылғы I тоқсанда төлем карточкалары нарығының одан әрі дамуы байқалды. Мәселен, 2012 жылғы I сәуірдегі жағдай бойынша төлем карточкаларын екінші деңгейдегі 24 банк және «Қазпочта» АҚ шығарды.

Қазақстандық банктер және «Қазпочта» АҚ эмиссиялаған және таратылған төлем карточкаларының жалпы саны 2013 жылғы I сәуірде 13,0 млн. бірлік болды, бұл өткен жылдың тиісті кезеңіндегі деңгейден 24,6% артық (2,6 млн. бірлік). Осы карточкаларды ұстаушылар саны талданып отырған кезеңде 22,6%-ға

---

<sup>1</sup> ҚБЕО сайтында 49 пайдаланушы + ҚБЕО клиринг палатасы бар

ұлғайды және 11,7 млн. адам немесе елдің экономикалық тұрғыдан белсенді жалпы санынан 22,5% артық (салыстыру үшін, 2012 жылғы I сәуірдегі ұстаушылар саны елдің экономикалық тұрғыдан белсенді жалпы санынан 5,8%-ға артық болды) болды.

Елде ең танымал карточкалар халықаралық төлем жүйелерінің Visa International және MasterCard Worldwide карточкалары болып табылады, олардың үлесі айналыстағы төлем карточкаларының және олардың ұстаушыларының жалпы санынан тиісінше 95,0% және 94,9% болды. Жергілікті төлем жүйелерінің карточкаларының ішінен ең көп тарағаны Altyn Card карточкасы (үлесі – тиісінше 4,1% және 4,1%).

Қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып, жүргізілген транзакциялар көлемі 2013 жылғы I тоқсанда 1 407,2 млрд. теңге сомаға (9,3 млрд. АҚШ долл.) 48,3 млн. транзакция болды. 2012 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда транзакциялар саны 17,1% (7,0 млн. транзакция), ал сомасы – 21,0% (244,1 млрд. теңге) ұлғайды.

Бұл ретте қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып қолма-қол ақшаны алу бойынша операциялар саны 2012 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда саны бойынша 11,4% және сомасы бойынша 19,7% ұлғайып, 1 205,0 млрд. теңге сомаға 36,2 млн. транзакция болды. Сонымен қатар қазақстандық эмитенттердің төлем карточкаларын пайдалана отырып тауар және қызмет үшін қолма-қол жасалмайтын төлемдер 2012 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда саны және сомасы бойынша тиісінше 37,9% және 29,2% ұлғайып, 202,2 млрд. теңге сомаға 12,1 млн. транзакция болды.

### 2013 жылғы I тоқсандағы халықаралық және жергілікті желілердің төлем карточкалары жөніндегі мәліметтер

№ 1 кесте  
бірлікпен

Банктің атауы	Жүйе	Айналыстағы карточкалар саны	Қолма-қол жасалмайтын төлемдер саны	Қолма-қол ақшаны алу бойынша транзакциялар саны
<i>Халықаралық жүйелер</i>				
«АТФБанк» АҚ	VISA	337 239	303 353	901 780
	MasterCard	148 260	44 495	313 693
«БТА Банкі» АҚ	VISA	638 350	600 750	2 206 227
	MasterCard	271 014	193 758	1 024 691
«Банк ЦентрКредит» АҚ	VISA	814 757	557 373	2 958 761
	MasterCard	49 879	35 240	147 103
«Казкоммерцбанк» АҚ	VISA	898 207	1 692 416	3 719 686
	MasterCard	326 933	470 140	1 151 333
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	VISA	3 002 985	3 153 065	13 489 763
	MasterCard	496 591	372 567	1 903 935
Басқалар		5 388 722	4 466 570	6 444 288
<b>Халықаралық, барлығы</b>		<b>12 372 937</b>	<b>11 889 727</b>	<b>34 261 260</b>
<i>Жергілікті жүйелер</i>				
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	Altyn	532 271	170 038	1 679 510
«БТА Банкі» АҚ	SmartAlemCard	77 272	87 453	232 639
«Ситибанк Қазақстан» АҚ	Ситикарт	326	-	-
Басқалар		1 483	-	-
<b>Жергілікті, барлығы</b>		<b>611 352</b>	<b>257 491</b>	<b>1 912 149</b>
<b>Жиынтығы</b>		<b>12 984 289</b>	<b>12 147 218</b>	<b>36 173 409</b>

2013 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша төлем карточкаларына қызмет көрсету желісі мынадай түрде берілген: Қазақстанда ақы төлеуге төлем карточкаларын қабылдайтын 15 186 сауда кәсіпорындары жұмыс істейді (өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда өсімі – 24,5% немесе 2 992 бірлік), олар төлем карточкаларына қызмет көрсетуге арналған жабдықты 23 546 сауда нүктелеріне орналастырды. Бұл ретте төлем карточкаларына қызмет көрсету үшін 8 665 банкомат (01.04.2012 жылғы ахуалмен салыстырғанда өсуі – 5,6% немесе 462 бір.), 35 156 Pos-терминал (өсуі 19,5% немесе 5 734 бір.) және 202 импринтер (төмендеу 55,4% немесе 251 бір.) пайдаланылды.

**2013 жылғы 1 сәуір бойынша төлем карточкаларына  
қызмет көрсетуге арналған жабдық жөніндегі мәліметтер**

№ 2 кесте  
бірлікпен

Банктің атауы	POS-терминалдар саны	Импринтерлер саны	Банкоматтар саны	Төлем карточкаларын ақы төлеуге қабылдайтын кәсіпкерлер саны
«АТФБанк» АҚ	2 222	92	691	1 032
«Kaspi Bank» АҚ	652	-	212	72
«БТА Банк» АҚ	1 651	73	920	819
«Банк ЦентрКредит» АҚ	2 486	1	753	1 336
«Казкоммерцбанк» АҚ	14 125	-	1 318	7 466
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	7 680	-	1 886	2 293
Басқалары	6 340	36	2 885	2 168
<b>Жиынтығы</b>	<b>35 156</b>	<b>202</b>	<b>8 665</b>	<b>15 186</b>



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 372

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктік заем шартының міндетті талаптарының тізбесін бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2011 жылғы 28 ақпандағы № 18 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6877 тіркелген, «Егемен Қазақстан» газетінде 2011 жылғы 31 мамырда № 226-227 (26625) жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Шарттың жалпы талаптары:

1) шарт жасасқан күн;

2) банктік заемның (бұдан әрі - заем) мақсаты, бір айдан аспайтын мерзімге берілген заемды, кредиттік желі аясында төлем карточкалары бойынша берілген шарттарды, овердрафт кредитін, сондай-ақ оның аясында займ алу үшін займ беру туралы шарт (шарттар) жасасу қажет болатын кредиттік желіні ашу туралы келісімді қоспағанда, бизнес-жоспарға немесе заемның техника-экономикалық негіздемесіне және (немесе) заемшының өтінішіне сәйкес келеді;

3) заемның жалпы сомасы және валютасы;

4) заемның мерзімі;

5) сыйақы ставкасының түрі (тіркелген немесе құбылмалы), сыйақы ставкасының мөлшері жылдық пайызбен, шартты жасау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Қарыздар мен салымдар бойынша шынайы, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемелерін (нақты құнын) есептеу қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7663 нөмірімен тіркелген) 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысына сәйкес сенімді жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі сыйақы ставкасының мөлшері;

6) шартта құбылмалы сыйақы ставкасы көзделген болса, құбылмалы сыйақы ставкасын есептеу тәртібі;

7) ислам банкінің коммерциялық кредитті беруі кезіндегі үстеме бағасының түрі (тіркелген немесе тауарды сатып алу бағасының пайыздық мәнімен);

8) өтеу тәсілі (қолма-қол ақшамен, қолма-қол ақшасыз);

9) заемды өтеу әдісі: аннуитеттік (теңдей төлемдермен өтеу) немесе сараланған (негізгі борышты теңдей үлеспен өтеу арқылы) не банктің ішкі ережелеріне сәйкес басқа тәсілмен;

10) заем бойынша берешекті өтеу кезектілігі;

11) уақтылы өтелмеген және сыйақы төленбеген жағдайда тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) есептеу тәртібі және оның мөлшері. Жеке тұлғаға заем беру кезінде тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) шекті мөлшері, сондай-ақ Банктер туралы заңда көзделген есептеу тәртібі көрсетіледі;

12) комиссиялардың толық тізбесі және олардың заем беруге байланысты алынуға жататын мөлшері;  
13) заемды өтеудің және сыйақының тәртібі (касса арқылы, банктік шотқа қашықтатылған терминал арқылы және басқалар тараптардың келісімі бойынша), кезеңділігі;

14) қамтамасыз етусіз берілген заемды қоспағанда, қамтамасыз ету (түрі: кепіл, тұрақсыздық айыбы, кепілдік, кепілдеме, ұстап қалу және өзге түрлері);

15) заемшының шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше тәсілмен орындамаған жағдайда банк қабылдайтын шаралар;

16) шарттың қолданылу мерзімі;

17) заемшы - заңды тұлғаның банкке ұсынатын есебінің түрлері мен мерзімдері;

18) заемшының (тең заемшының) ол туралы мәліметтерді кредиттік бюроға беруге және кредиттік бюроның ол туралы банкке кредиттік есеп беруге келісімінің, сондай-ақ тараптардың өз міндеттемелерін орындауына байланысты ақпараттың болуын көрсету;

19) банктің пошталық мекен-жайы мен электрондық адресі туралы ақпарат, сондай-ақ оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер.»;

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

«4-1. Жеке тұлғамен жасалған ипотекалық заем шартында жасалған заем шартынан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу үшін заемшының банк омбудсманьна Банктер туралы заңға сәйкес жазбаша өтініш беру құқығы болады.»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Банкке қойылған шектеулерде тыйым салуды көздейтін мынадай талаптар бар:

1) заемға қызмет көрсету бойынша заемшы – жеке тұлғамен шарт жасасу күніне бекітілген тарифтерді, комиссиялық сыйақылар мен басқа да шығыстардың мөлшерін және есептеу тәртібін бір жақты тәртіпте өсіру жағына өзгертуге;

2) жасалған шарт шеңберінде комиссияның жаңа түрлерін бір жақты тәртіппен енгізуге;

3) заем беру туралы талаптарымен сақтандыру шартын жасасу туралы және (немесе) қамтамасыз ету болып табылатын мүліктің нарықтық құнын анықтау мақсатында бағалау жүргізуге талаптар көзделген болса заемшыны, кепіл берушіні сақтандыру ұйымын және (немесе) бағалаушыны таңдау кезінде шектеуге, сондай-ақ заемшыға өзінің өмірі мен денсаулығын сақтандыру міндетін жүктеуге;

4) мына жағдайларды қоспағанда, жасалған шарт шеңберінде бір жақты тәртіппен жаңа заемдарды беруді тоқта тұруға:

банктің шартта көзделген жаңа заемдар беруді жүзеге асырмау құқығы туындаған кезде;

заемшы шарт бойынша банк алдындағы өз міндеттемелерін бұзған кезде;

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Екінші деңгейдегі банктерде тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерінің болуына қойылатын талаптар жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы» 2005 жылғы 30 қыркүйектегі № 359 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3925 тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 25 желтоқсандағы № 296 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4580 тіркелген), Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Кредиттеу жөніндегі құжаттамасын жүргізу ережесін бекіту туралы» 2007 жылғы 23 ақпандағы № 49 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде - 4602 нөмірімен тіркелген) сәйкес банк жүргізген мониторингтің нәтижесі бойынша анықталған заемшының қаржылық жағдайы нашарлаған кезде;

Банктің шартты орындауына ықпал ететін Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарын өзгергенде;

5) мына жағдайларды қоспағанда, заңды тұлғалармен шарт жасасу күніне бекітілген сыйақы ставкасын бір жақты тәртіппен өсіру жағына өзгертуге:

шартпен көзделген жағдайларда, заемшының заем алу және заемға қызмет көрсетумен байланысты дәйекті ақпараттарды ұсыну бойынша өз міндеттемелерін бұзуы;

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен көзделген жағдайларда, сондай-ақ шартта

көзделген мына жағдайларда банктің міндеттемелерді мезгілінен бұрын орындауды талап етуге құқының пайда болуы:

банкке алдын ала жазбаша ескертусіз, жиынтығында акционерлік қоғам (шаруашылық серіктестік) акцияларының он және одан көп пайызын (қатысу үлесі) иеленетін заемшының қатысушылары (акционерлері) құрамының өзгеруі;

заемшымен және (немесе) кепіл берушімен кепілге қойылған мүліктің мөлшерін, жай-күйін және оны сақтау шарттарының орындалуын құжат бойынша және нақты тексеруге, сондай-ақ үшінші тұлғалардың заемшы (кепіл берушінің) мүлкіне, оның ішінде банкке кепілге қойылған мүлікке талаптар қоюы кепіл ұстаушы болып табылатын банктің құқын бұзуы;

б) заем алған күннен бастап бір жылға дейін негізгі борышты мезгілінен бұрын ішінара өтелген немесе мезгілінен бұрын толық өтелген жағдайларды қоспағанда, заемды мезгілінен бұрын өтегені үшін тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының басқа түрлерін өндіріп алуға;

7) егер негізгі борышты немесе сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түскен болса және заемшы сыйақыны немесе негізгі борышты төлеуді одан кейінгі жұмыс күні жүргізген жағдайда тұрақсыздық айыбын немесе айыппұл санкцияларының өзге түрлерін өндіріп алуға.»

9 - 10-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«9. Шартпен бірге тараптардың қолдары қойылған займды өтеу кестесі беріледі, онда шарттың нөмірі мен жасалған күні, заем сомасы мен валютасы, өтеу күндері және негізгі борышты, сыйақыны өтеу сомалары және олардың жиынтық мәні көрсетілген кезекті төлемдердің мөлшерлері, келесі өтеу күніндегі негізгі борыштың қалдықтары, сондай-ақ төленуі тиіс негізгі борыш пен сыйақының жалпы жиынтық сомалары және олардың жиынтық мәні, заемды өтеу кестесі жасалған күн көрсетіледі.

Сыйақы мөлшерлемесі өзгермелі шарт бойынша заемды өтеу кестесі оның берілу күніне жасалады және одан кейін кезекті төлемдердің мөлшерлері түзетіледі және шартта белгіленген тәртіпте заемшыға (тең заемшыға) мәлімет үшін жеткізіледі.

Егер заемшы (тең заемшы) жеке тұлға болып табылса, заемды беру күніне жасалған заемды өтеу кестесінде сондай-ақ заемшының (тең заемшының) таңдаған әдісі туралы белгісі бар банк ұсынған өтеу әдістерінің тізбесі болады.

Заемның заемды өтеу кестесін өзгертуге алып келетін талаптары өзгерген кезде, заемды өтеудің жаңа талаптар ескерілген жаңа кестесі жасалады.

Заемның кезекті бөлігін беру заемшының өтініші және заемды өтеудің қол қойылған кестесі негізінде жүзеге асырылатын кредиттік желі ұсынылған кезде, заемды өтеу кестесінде осы қаулының 3-тармағының 5) тармақшасына сәйкес мәліметтер болады.

8-тармақтың және осы тармақтың талаптары бір айдан аспайтын мерзімге займ беру туралы шартқа, кредиттік желі аясында төлем карточкасы бойынша берілген шартқа, овердрафт кредитіне, сондай-ақ оның аясында заем алу үшін заем беру туралы шарт (шарттар) жасасу қажет болатын кредиттік желіні ашу туралы келісімге қолданылмайды.

10. Шарт банк және заемшы арасында жазбаша нысанда қажет болған жағдайда басқа тілдердегі аудармасы қоса берумен, мемлекеттік тілде және орыс тілінде жасалады, ал шетелдік тұлғалармен шарт жасасқан жағдайда мемлекеттік және тараптарға қолайлы тілде жасалады.

Шарттың мәтіні А4 форматты парақтарда, «Times New Roman» шрифтінің мөлшері 12-ден кем емес, әдеттегі әріпаралық, бір жоларалық интервалмен және абзац шегінісін қолдана отырып басып шығарылады.

Жеке тұлғалар үшін осы қаулының 3-тармағының 1), 2), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11)-тармақшаларында көрсетілген талаптар шарттың алғашқы екі бетінде (немесе шарт бір уақытта екі тілде ресімделетін болса парақты екі бағанға бөле отырып, алғашқы төрт бетте), 3-тармағының 12), 13), 14), 15), 16)-тармақшалары және 2-тармағының 6)-тармақшасы тікелей олардан кейін көрсетілген реттікпен көрсетіледі.

Заңды тұлғалар үшін осы қаулының 3-тармағының 1), 3), 4), 5), 6), 7), 8), 9), 10), 11)-тармақшаларында көрсетілген талаптар шарттың алғашқы екі бетінде (немесе шарт бір уақытта екі тілде ресімделетін болса парақты екі бағанға бөле отырып, алғашқы төрт бетте), 3-тармағының 2), 13), 14), 15), 16)-тармақшалары және 2-тармағының 6)-тармақшасы тікелей олардан кейін көрсетілген реттікпен көрсетіледі.

Шарт (оферт) жасау туралы жазбаша ұсыныс жіберу арқылы банктік заем шартын жасаған кезде оферттің алғашқы екі және кейінгі беттерінде осы қаулының 10-тармағының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген талаптар осы тармақта белгіленген реттікпен беріледі. Осы қаулының 10-тармағының екінші бөлігінің талаптары офертке қолданылады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы қ.

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 374

### *Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Тізбенің 2-тармағының он үшінші абзацы, 3-тармағының тоғызыншы және отызыншы абзацтары, 4-тармағының төртінші абзацы, 5-тармағының үшінші және алпыс төртінші абзацтары, 6-тармағының үшінші абзацы, 7-тармағының төртінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

Тізбенің 6-тармағындағы Қағидалардың 2-қосымшасы 2-тармағының он үшінші абзацы, 3-тармағының тоғызыншы және отызыншы абзацтары, 4-тармағының жиырма алтыншы абзацы, 5-тармағының жиырма бесінші абзацы, реттік нөмірі 5-1-жолының төртінші абзацы, 3-қосымшасы кестесінің 1-тармағының реттік нөмірі 5-1-жолының төртінші абзацы, 4-қосымшасының реттік нөмірі 5-1-жолының төртінші абзацы, 7-тармағының жиырма екінші және жетпіс тоғызыншы абзацтары 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*\* Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 14 қаңтарда № 8271 тіркелген*

*Қазақстан Республикасының өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесін бекіту туралы» 2005 жылғы 26 наурыздағы № 109 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3603 тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларының инвестициялық портфельдеріндегі қаржы құралдарын бағалау ережесінде:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдарының портфелі үш санатқа бөлінеді:

1) өзгерістері пайданың немесе шығынның құрамында көрсетілетін әділ баға бойынша бағаланатын қаржы құралдары;

2) өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары;

3) сатуға арналған қолда бар қаржы құралдары.

Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары ретінде есепке алынатын қаржы құралдарының ағымдағы құны:

2012 жылғы 1 қаңтардан бастап - жинақтаушы зейнетақы қорының портфеліндегі қаржы құралдарының ағымдағы жиынтық құнының 30 (отыз) пайызынан аспайды;

2013 жылғы 1 қаңтардан бастап – Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған мемлекеттік бағалы қағаздарды қоспағанда, жинақтаушы зейнетақы қорының портфеліндегі қаржы құралдарының ағымдағы жиынтық құнының 15 (он бес) пайызынан аспайды.

Қаржы құралын «өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары» санатынан «сатуға арналған қолда бар қаржы құралдары» санатына ауыстырған жағдайда зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды дербес жүзеге асыратын жинақтаушы зейнетақы қоры не зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі бірлесіп – ұйым деп аталады), ауыстыру туралы шешім қабылдаған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетіне осындай шешім қабылдауының себептерін көрсете отырып, ауыстыру туралы хабарлама жібереді.»;

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі және екінші деңгейдегі банктердегі салымдарды қоспағанда, зейнетақы активтері есебінен сатып алынған қаржы құралдары бойынша сыйақыны есептеу күн сайын жасалады және қаржы құралын есепке қойған күннен кейінгі күнінен басталады.

Өтелгенге дейін ұсталатын қаржы құралдары бойынша санатына белгіленген дисконт немесе сыйлықақы, осы қаржы құралдарын сатып алған сәттен бастап оларды қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес өтелген мерзімге дейін амортизацияланады.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және екінші деңгейдегі банктер салымдарында орналастырылған активтердің ағымдағы құны банк салымының шартында көрсетілген кезеңіне және тәртіппен сыйақы сомасын күн сайын есептеу арқылы белгіленеді.»;

10-тармақ алып тасталсын;

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі

нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2008 жылғы 22 тамыздағы № 131 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5331 тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының актілері жинағында 2008 жылғы 15 қарашада № 11 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулықта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәні мен әдістемесі, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативі, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы жөніндегі есепті беру нысандары мен мерзімі туралы нұсқаулық «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 43, 46, 74-баптарына, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5, 9-баптарына сәйкес әзірленген және сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары үшін пруденциалдық нормативтер есебінің нормативтік мәнін және әдістемесін, сақтандыру тобының төлем қабілеттілігі маржасының жеткіліктілігі нормативін, пруденциалдық нормативтердің орындалғандығы туралы есепті беру нысандары мен мерзімдерін белгілейді.

Осы Нұсқаулықта көзделген сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының үлестес тұлғалары бөлігіндегі нормалар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының көрсетілген ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын тікелей иелену (банктер бойынша – жанама) нәтижесінде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымымен үлестес болып табылатын заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына қатысты қолданылмайды.»;

36-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«36. Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының мынадай активтері жоғары өтімді активтер ретінде танылады:

1) қайта сақтандыру активтерін шегергенде сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының активтері сомасының бір пайызынан аспайтын сомада болатын кассадағы ақшасы;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдары;

3) мынадай талаптардың біріне сәйкес келетін:

Standard & Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

резидент емес бас банктерінде Standard & Poor's агенттігінің «A-»-тен төмен емес шетел валютасында ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар резидент емес еншілес банктер болып табылатын;

Standard & Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдары;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес айналысқа шығарылған) Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары;

5) Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген борыштық бағалы қағаздары;

6) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздары;

7) қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне кіретін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес бағалы қағаздары:

Standard & Poor's агенттігінің «BB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғары) немесе екінші (ең жоғары) санатының талаптарына сәйкес келетін акциялар және осы акциялар базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің «B-»-тен төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздары;

Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған, қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыратын қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін борыштық бағалы қағаздары;

8) осы тармақтың 7) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мынадай талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктердің бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздардың эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кем дегенде екі жыл бұрын жүзеге асырылған;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті қаржылық есептілікті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) қолданылатын қаржылық есептіліктің стандарттарына сәйкес жасайды;

қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кем дегенде аяқталған екі қаржы жылы үшін ұсынылған;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымы - эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын сату көлемі негізгі қызметі бойынша аудиторлық есеппен расталған

қаржылық есептіліктің деректері бойынша соңғы екі жылдың әрбір жылы үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздардың қор биржасының ресми тізімінде болған кезінде осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иесінің оларды иеліктен шығару (беру) құқығына нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалардың болмауы;

9) осы тармақтың 7) тармақшасының төртінші және бесінші абзацтарында, сондай-ақ 8) тармақшасында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарған, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мынадай талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктердің бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздардың эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кем дегенде бір жыл бұрын жүзеге асырылған;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС сәйкес жасайды;

қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне кіретін аудиторлық ұйымдардың бірі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті аудиторлық есеппен расталған соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті ұсынған;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі таза пайдасының болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, қаржылық емес ұйымы - эмитенттің борыштық бағалы қағаздарын сату көлемі негізгі қызметі бойынша аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептіліктің деректері бойынша соңғы жылдың әрбір жылы үшін республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысында бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) эмиссиялық бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иесінің оларды иеліктен шығару (беру) құқығына нұқсан келтіретін немесе оларды шектейтін нормалардың болмауы;

10) шетел мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздары;

11) шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес бағалы қағаздары:

Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар борыштық бағалы қағаздары;

Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар эмитенттердің акциялары және осы акциялар базалық активтері болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

12) тізбесі осы Нұсқаулықтың 37-тармағында белгіленген халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары;



13) Лондондық қымбат металлдар нарығының қауымдастығы (London billion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металлдары және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің «А»-дан төмен емес халықаралық рейтингілік бағасына немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингіне ие Қазақстан Республикасының резидент емес банктеріндегі металл депозиттері.

Осы тармақта көрсетілген қаржы құралдары осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында көрсетілген көлемде жоғары өтімді активтер есебіне енгізіледі.».

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының активтерін инвестициялау ережесін бекіту туралы» 2008 жылғы 2 қазандағы № 148 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5365 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамының активтерін инвестициялау ережесінде:

19 және 20-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«19. Қор өз активтерінің бөлігін мынадай қаржы құралдарына:

- 1) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдарға;
- 2) мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингілік бағасы бар;

банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-санатынан төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар резидент емес бас банктердің еншілес резидент - банкі болып табылады;

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-ден төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының облигацияларына;

4) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес айналысқа шығарылған ақша);

5) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға орналастыруды жүзеге асырады.

Осы тармақтың 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген қаржы құралдарына Қордың активтерін жиынтық орналастыруы Қор активтерінің сексен пайызынан кем емес болады.

Қор активтерін инвестициялау мөлшері инвестициялық портфельді басқарушы мен Қор арасында жасалатын инвестициялық стратегияда белгіленеді.

Инвестициялық портфельді басқарушы Қор активтерін инвестициялаған кезде инвестициялық портфельді басқарушы ақшаны есепке алу үшін шот және орналастырылған салымдарды (депозиттерді) және Қор активтері есебінен сатып алынған бағалы қағаздарды есепке алу үшін баланстан тыс шот ашады.

Қордың активтерін инвестициялық портфельді басқарушыға берген кезде Қор айдың бірінші күніндегі

жағдай бойынша бір айда бір реттен кем емес, өзінің есепке алу жүйесі деректерінің инвестициялық портфельді басқарушының және Қор активтерінің есебі мен сақталуын жүзеге асыратын кастодианның деректеріне сәйкес келуіне үш жақты салыстырып тексеру жүргізеді.

Салыстырып тексеру қорытындысы бойынша мынадай ақпарат:

ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін көрсетіп, бағалы қағаздардың саны (данамен) туралы;

банктердің атауын, салымдар сомасын, банк салымдары шарттарының жасалу күндері мен нөмірлерін, салымдар мерзімдерін, сыйақы ставкаларын көрсете отырып, екінші деңгейдегі банктердегі салымдар туралы;

теңгемен және шетел валютасында инвестициялық шоттардағы ақша қозғалысы туралы;

қаржы құралдарының сатып алу құны туралы;

қаржы құралдарының ағымдағы құны туралы;

әр қаржы құралы бойынша есептелген және алынған инвестициялық кіріс сомасы туралы;

көрсетілетін қызметтер түрлері бойынша комиссиялық сыйақылар сомасы туралы;

инвестициялық шоттардағы ақша қалдықтары туралы ақпаратты;

инвестициялық қызметке қатысты өзге мәліметтерді қамтитын салыстырып тексеру актісі жасалады.

Салыстырып тексеру актісіне Қордың, инвестициялық портфельді басқарушының және кастодианның бірінші басшылары мен бас бухгалтерлері қолы қояды және ол осы ұйымдардың мөр таңбасымен расталады.

20. Қордың қаржы құралдарына инвестициялардың мөлшері мынадай мәндерден:

1) екінші деңгейдегі бір банкте (Қормен жасалған агенттік келісім негізінде кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсететін, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын агент банкті қоспағанда) және оның үлестес тұлғаларында салымдарға, ақшаға және облигацияларға («кері репо» операцияларын есепке алғанда) жиынтық орналастыруы - Қор активтерінің он пайызынан астам, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан астам;

2) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's-тың ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі бір банкте (Қормен жасалған агенттік келісім негізінде кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асыру бойынша қызмет көрсететін, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын агент банкті қоспағанда) және оның үлестес тұлғаларында салымдарға жиынтық орналастыруы - Қор активтерінің бес пайызынан астам, бірақ осы банктің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан астам;

3) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының (Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда) және осы заңды тұлғаның үлестес тұлғаларының облигацияларына жиынтық орналастыруы - Қор активтерінің он пайызынан астам, бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан астам;

4) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе бір мемлекеттің басқа рейтингтік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетел мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған, мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздарға («кері репо» операцияларын есепке алғанда) жиынтық орналастыруы - Қор активтерінің он пайызынан астам;

5) Қор активтерінің қатысуымен жасалатын «кері репо» мәмілелері - Қор активтерінің он пайызынан астам аспайды.

Қор активтерін облигацияларға жиынтық орналастыруы бір эмиссияның жалпы облигациялары көлемінің жиырма бес пайызынан аспайды.»

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы

5 тамыздағы № 180 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5789 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы қаулы 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Нұсқаулықтың 15-тармағының 11) және 12) тармақшаларын қоспағанда Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап күнтізбелік он төрт күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Осы қаулымен бекітілген Нұсқаулықтың 15-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Нұсқаулықтың 6-1-тарау 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулық «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 41-бабының 4-тармағына, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына және 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының (бұдан әрі - Қор) сақтауы міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін, сондай-ақ тиісті есептілік нысандары мен оны берудің мерзімдерін белгілейді.

Осы Нұсқаулықта көзделген Қордың үлестес тұлғалары бөлігіндегі нормалар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының көрсетілген ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын тікелей иелену (банктер бойынша – жанама) нәтижесінде Қормен үлестес болып табылатын заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына қатысты қолданылмайды.

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында көзделген көлемдерде Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) ақша, оның ішінде:

Қордың балансы бойынша активтер сомасының бір пайызынан аспайтын кассадағы ақша;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы теңге және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасы түріндегі ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы операцияларды жүзеге асыру үшін Қорға банктік қызметті ұсынатын басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мына талаптардың біреуіне

сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банкері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банкерінің банктік депозиттік сертификаттары, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банкері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

5) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа жіберілген мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда);

6) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар;

7) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

9) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

10) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard



& Pooг’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Pooг’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, эмитенті № 77 қаулымен көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарына (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза пайда аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизинг ұйымын және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар жоқ;

13) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, мына талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағаларының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының



ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС-ке сәйкес жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті берді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан кем бола алмайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза пайдасының болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылы үшін сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептіліктің деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

14) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздары;

15) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

16) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

17) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

18) Лондондық қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде осы қауымдастық құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан кем емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері;

19) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі ретіндегі өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) зейнетақы активтері бойынша комиссиялық сыйақылар мен зейнетақы активтерін инвестициялаудан есептелген инвестициялық кіріс бойынша, шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген дебиторлық берешек.»;

41. Қазақстан Республикасының резиденті емес эмитент шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қор инвестицияларының мөлшері мына мәндерді құрайды:

меншікті активтер есебінен - Қордың меншікті активтерінің он пайызынан кем;

жиынтығында зейнетақы және меншікті активтері есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен – егер эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар бойынша мөлшері осы эмитенттің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздардың толық шығарылым көлеміне сәйкес келетін бас ұйымның кепілдігі бар болған жағдайда, осы эмитенттің немесе оның бас ұйымының меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес пайызынан кем;

Егер эмитенттің бас ұйымы екінші деңгейдегі банк болып табылса, Қазақстан Республикасының осы резиденті емес эмитенті шығарған (ұсынған) қаржы құралдарына Қор инвестицияларының мөлшері жиынтығында зейнетақы және меншікті активтер есебінен не тек қана зейнетақы активтері немесе меншікті активтер есебінен осы екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының отыз бес пайызынан кем құрайды.

1-қосымшада:

«Кредиттік тәуекел» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

« 13-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	---	--	----	--

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 14	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктеріндегі салымдары		10	
------	---	--	----	--

реттік нөмірі 14-1-жолмен мынадай редакцияда толықтырылсын:

« 14-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	---	--	----	--

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 16	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдарының, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейде рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялар		10	
------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

« 16-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар екінші деңгейдегі банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар		10	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

« 21-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен бастап «BBB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен бастап «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 22-1-жолмен толықтырылсын:

« 22-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А+»-тен «А-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 24	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	
------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 24-1-жолмен толықтырылсын:

« 24-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		25	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік 25-1-жолмен толықтырылсын:

« 25-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		50	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 27	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		75	
------	--	--	----	--

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-1-жолмен толықтырылсын:

« 27-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		75	
--------	--	--	----	--

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 27-2-жолмен толықтырылсын:

« 27-2	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің банктік депозиттік сертификаттар		75	
--------	---	--	----	--

реттік нөмірі 29 жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 29	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB-»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		100	
------	---	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 31-жолмен жазылсын:



« 31	Осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 3) тармақшасының 4-абзацына сәйкес Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100	
------	--	--	-----	--

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 31-2-жолмен толықтырылсын:

« 31-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
--------	--	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 32-жолмен толықтырылсын:

« 32	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB»-ға дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		130	
------	---	--	-----	--

9-қосымшасы:

«K1 коэффициентінің мәнін есептеу» кестесі:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:

« 3-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	--	--	-----	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

« 4-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банкері болып табылады Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	--	--	-----	----

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	».
-------	---	--	-----	----

5. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 181 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5793 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Нұсқаулықтың 15-тармағының 3) тармақшасының төртінші абзацы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Нұсқаулықтың 6-1-тарауы 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәндері, оларды есептеу әдістемесі туралы нұсқаулықта:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Осы Нұсқаулық «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына (бұдан әрі - Зейнетақымен қамсыздандыру туралы Заң), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Бағалы қағаздар рыногы туралы Заң) 3-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына және 49-бабының 3-тармағына, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабының

1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және пруденциалдық нормативтердің тізбесін, олардың нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың (бұдан әрі - Ұйым) тиісінше есептіліктің нысандарын және оны ұсыну мерзімдерін белгілейді.

Осы Нұсқаулықта көзделген Ұйымның үлестес тұлғалары бөлігіндегі нормалар «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының көрсетілген ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жиырма бес және одан астам пайызын тікелей иелену (банктер бойынша – жанама) нәтижесінде Ұйыммен үлестес болып табылатын заңды тұлғаларға және олардың үлестес тұлғаларына қатысты қолданылмайды.»;

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«15. Осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында көзделген көлемдерде Ұйымның мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) ақша, оның ішінде:

Ұйымның балансы бойынша активтер сомасының бір пайызынан аспайтын кассадағы ақша;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы теңге және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасы түріндегі ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы бағалы қағаздардың ұйымдастырылған нарығындағы операцияларды жүзеге асыру үшін Ұйымға банктік қызметті ұсынатын басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банкері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

5) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа жіберілген мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда);

6) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар;

7) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

9) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

10) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, эмитенті № 77 қаулымен көзделген «рейтингтік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына

(International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарға (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза табысы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизинг ұйымын және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар жоқ;

13) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, мына талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингтік агенттіктер бағаларының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС-ке сәйкес жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті берді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан кем бола алмайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза табысының болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылы үшін сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептіліктің деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;



борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

14) Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздары;

15) Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

16) Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

17) Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

18) Лондондық бағалы металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде осы қауымдастық құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан кем емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері;

19) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі ретіндегі өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) зейнетақы активтері бойынша комиссиялық сыйақылар мен зейнетақы активтерін инвестициялаудан есептелген инвестициялық кіріс бойынша, шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген дебиторлық берешек.»;

1-қосымшада:

«кредиттік тәуекел» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

« 13-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 14	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктеріндегі салымдары		10	
------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 14-1-жолмен толықтырылсын:

« 14-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	---	--	----	--

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 16	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдарының, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейде рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялар		10	
------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

« 16-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар екінші деңгейдегі банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар		10	
--------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

« 21-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен бастап «BBB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен бастап «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 22-1-жолмен толықтырылсын:

« 22-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 24	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	
------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 24-1-жолмен толықтырылсын:

« 24-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		25	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік 25-1-жолмен толықтырылсын:

« 25-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		50	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 27	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB-»-тен «kzBB-»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		75	
------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірлері 27-1 және 27-2-жолдармен толықтырылсын:

« 27-1	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB»-ге дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		75	
27-2	Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzBBB»-ға дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің банктік депозиттік сертификаттар		75	

реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 29	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poog’s агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB-»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		100	
------	---	--	-----	--

реттік нөмірі 31-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 31	Осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 3) тармақшасының 4-абзацына сәйкес Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В+»-тен «В»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100	
------	---	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 31-2-жолмен толықтырылсын:

« 31-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В+»-тен «В»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
--------	---	--	-----	--

реттік нөмірі 32-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 32	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «В+»-тен «В»-ке дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB»-ға дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		130	
------	--	--	-----	--

9-қосымшасы:

«К1 коэффициентінің мәнін есептеу» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:



« 3-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
-------	--	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

« 4-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
-------	---	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
-------	---	--	-----	--

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 5 тамыздағы № 189 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5794 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Ереженің 4-тармағы 2012 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады, Ереженің 2-қосымшасының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы, 3-қосымшасы 1-тармағының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы, 4-қосымшасының реттік нөмірі 5-жолының төртінші абзацы 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.»;

көрсетілген қаулымен бекітілген Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың және жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін жүзеге асыру ережесінде:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) баға белгілеу - почта, электрондық немесе факсимильді байланыс арқылы алынған қарсы әріптестердің қаржы құралдары бойынша баға ұсыныстары;

2) қарсы әріптес - Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес қаржы құралдарымен мәмілелер жасау құқығына ие заңды тұлға;

3) меншікті активтерді инвестициялау саясаты - инвестициялау объектілерінің тізбесін, Қордың (Ұйымның) меншікті активтеріне қатысты инвестициялық қызметтің мақсаттарын, стратегиясын, талаптары мен шектеулерін, Ұйымның (Қордың) директорлар кеңесі бекіткен меншікті активтерді хеджирлеу мен әртараптандырудың талаптарын айқындайтын құжат;

4) уәкілетті орган - Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі;

5) халықаралық қаржы ұйымы - халықаралық шарт (келісім) не жарғы негізінде құрылған және жұмыс істеп тұрған, халықаралық мәртебесі бар ұйым;

6) хеджирлеу құралдары - хеджирлеу операцияларын жүзеге асыру үшін пайдаланылатын, осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында көрсетілген туынды қаржы құралдары;

7) principal protected notes - негізгі борыштың сомасын толық қайтару бойынша эмитенттің кепілдігі белгіленген борыштық бағалы қағаздар.»:

6-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6-1. Қор меншікті активтер есебінен мынадай мүлікті сатып алады немесе сатады:

1) осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында айқындалған, зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат етілген қаржы құралдарының тізбесінде көрсетілген мүлік;

2) Қордың өз мұқтажы және Қордың зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті, сондай-ақ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару жөніндегі қызметті орындауы үшін пайдаланылатын мүлкі;

3) Қордың қызметін автоматтандыруды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он пайызынан аспайтын мөлшеріндегі осы заңды тұлғалардың акциялары және олардың жарғылық капиталдарына қатысу үлестері;

4) бір немесе бірнеше Қор өз қызметін үйлестіру, ортақ мүдделерін қорғау және білдіру, бірлескен жобаларды жүзеге асыру және ортақ міндеттерді шешу үшін құрған заңды тұлғалардың акциялары және олардың жарғылық капиталдарында қатысу үлестері. Осы тармақшада көрсетілген мақсаттарды іске асыру үшін құрылған қауымдастықтарға және (немесе) одақтарға Қордың меншікті активтері есебінен мүшелік жарналар төлеуге жол беріледі.

5) сауда-саттықты ұйымдастырушының акциялары.»;

19-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«19-2. Ұйым (Қор) зейнетақы активтері есебінен осы Ереженің 19-тармағының 1), 2), 3), 4) тармақшаларында көрсетілген тұлғалар шығарған (ұсынған) және осы Ереженің 1 3-қосымшасының 2-тармағында айқындалған тізбеге кіретін қаржы құралдарын сатып алу бойынша мәмілелер жасамайды.»;

26 және 27-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«26. Егер бағалы қағаз осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларында талаптарына сәйкес келмесе, Ұйым осындай бағалы қағаздарды жоғарыда аталған жағдайлар басталған күннен бастап бір жыл ішінде сатады.

27. Ұйым зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдырымен мәмілелерді хеджирлеу мақсатында тек осы қаржы құралдарының базалық активі зейнетақы активтерінің құрамына кірсе және осы Ереженің 2, 3 және 4-қосымшаларының талаптарына сәйкес келсе ғана жасайды.

Ұйымның (Қордың) зейнетақы активтері есебінен туынды қаржы құралдырымен мәмілелер хеджирлеу мақсатында тек базалық актив Ұйымның (Қордың) меншікті активінің құрамына кірген жағдайда ғана жасалады.»;

2-қосымшада:

«Консервативтік инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтері есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банктік депозиттік сертификаттар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor’s ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> <p>банктер Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor’s ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы бар болса</p>
-------	--

3-қосымшада:

«Орташа инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банктік депозиттік сертификаттар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor’s ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> <p>банктер Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor’s агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor’s ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы бар болса;</p>
-------	---

4-қосымшада:

«Агрессивті инвестициялық портфельді құрайтын зейнетақы активтерінің есебінен сатып алуға рұқсат берілген қаржы құралдарының тізбесі» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	<p>Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі банктік депозиттік сертификаттар, мынадай талаптардың біріне сәйкес келген жағдайда:</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;</p> <p>банктер Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылса;</p> <p>банктердің Standard &amp; Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар немесе Standard &amp; Poor's ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы бар болса;</p>
-------	---

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының «Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы» 2009 жылғы 26 қыркүйектегі № 215 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5810 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ереженің 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін 11-тармағының 11), 12) тармақшаларын қоспағанда, осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ереженің 11-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы, 35-тармағы 3) тармақшасының төртінші абзацы 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.»;

Бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесінде:

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Осы Нұсқаулықтың 9-қосымшасында көзделген көлемдерде Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) ақша, оның ішінде:

Қордың балансы бойынша активтер сомасының бір пайызынан аспайтын кассадағы ақша;

осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы теңге және Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар елдердің шетел валютасы түріндегі ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді рейтингі немесе Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар елдердің шетел валютасындағы бағалы қағаздардың

ұйымдастырылған нарығындағы операцияларды жүзеге асыру үшін Қорға банктік қызметті ұсынатын басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар шетелдік ұйымдардың ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі дауыс беретін акцияларының жүз пайызын иеленген екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға мамандандырылған ұйымымен шығарылған борыштық бағалы қағаздар;

3) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

4) Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары, мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар;

5) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шығарған Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа жіберілген мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса алғанда);

6) қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған облигациялар;

7) «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар;

8) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-ден төмен емес рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

9) Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қор биржасында айналымына жіберілетін (жіберілген) эмитенттерге және олардың



бағалы қағаздарына талаптары, және де қор биржасы тізімінің бөлек санаттары туралы» 2008 жылғы 26 мамырдағы № 77 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5251 тіркелген) (бұдан әрі – № 77 қаулы) көзделген қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) санаттарының талаптарына сәйкес келетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

10) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, эмитенті № 77 қаулымен көзделген «рейтингілік бағасы жоқ борыштық бағалы қағаздар» санатының талаптарына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар:

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктер бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына (International Financial Reporting Standards – IFRS) (бұдан әрі – ҚЕХС) немесе Америка Құрама Штаттарында қолданылатын стандарттарға (General Accepted Accounting Principles – GAAP) (бұдан әрі – АҚШ ҚЕС) сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза пайдасы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизинг ұйымын және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар қор биржасының ресми тізімінде болған уақытта осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздар шығарылымы проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар жоқ;

13) Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы тармақтың 9), 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы

қағаздарды қоспағанда, мына талаптарға сәйкес келетін қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктер бағаларының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде бір жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті қаржылық есептілікті ҚЕХС немесе АҚШ ҚЕС-ке сәйкес жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті аудиторлық есеппен расталған, соңғы аяқталған қаржы жылы үшін қаржылық есептілікті берді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес оның жарғылық капиталынан кем бола алмайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес аяқталған үш қаржы жылының біреуіндегі борыштық бағалы қағаздар эмитентінің таза табысының болуы;

лизингтік ұйымды және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы қаржы жылы үшін сату көлемі аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің үш жүз қырық мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысымен бекітілген корпоративтік басқару кодексінің болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иелерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

14) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесіне ие бағалы қағаздары;

15) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетелдік ұйымдар шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

16) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары және базалық активі осы акциялар болып табылатын депозитарлық қолхаттары;

17) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

18) Лондондық қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London bullion market association) қабылдаған және «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде осы қауымдастық құжаттарында белгіленген халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері, оның ішінде Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «AA»-дан кем емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің біреуінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде он екі айдан аспайтын мерзімге салынған металл депозиттері;

19) бағалы қағаздармен сауда-саттық ұйымдастырушылардың және акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі ретіндегі өзге де заңды тұлғалардың акциялары;

20) зейнетақы активтері бойынша комиссиялық сыйақылар мен зейнетақы активтерін

инвестициялаудан есептелген инвестициялық кіріс бойынша, шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген дебиторлық берешек.»;

35-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

35. Басқарушының өтімді активтері ретінде мынадай активтер танылады:

1) ақша, оның ішінде:

кассадағы ақша, Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының 10 (он) пайызынан аспайды; осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

бағалы қағаздар орталық депозитарийінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банктерінің ағымдағы шоттарындағы ақша;

ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында операцияларды жүзеге асыру үшін Басқарушыға банктік қызмет көрсететін Қазақстан Республикасының резиденті емес ұйымдарының ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде), мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар;

банктер Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес Қазақстан Республикасының резидент банктері болып табылады;

банктердің Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B» дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+» дейінгі рейтингілік бағасы бар;

банктер ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, № 77 қаулыда көзделген талаптарға сәйкес келетін «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) және (немесе) екінші (ең жоғарғы) санатына енгізілген эмитент банктер болып табылады;

4) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде) Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді және (немесе) қысқа мерзімді жеке рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес банктеріндегі салымдар;

5) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары мына талаптардың біреуіне сәйкес келген жағдайда:

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес Қазақстан Республикасының резидент банктері болып табылады;

Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B» дейін ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік

бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+» дейін рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар;

6) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес айналысқа жіберілгендерін қоса алғанда Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

7) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы шығарған борыштық бағалы қағаздар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

8) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары;

9) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, № 77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) немесе екінші (ең жоғарғы) талаптарына сәйкес келетін заңды тұлғалардың акциялары;

10) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

11) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, қор биржасының тізіміндегі № 77 қаулымен көзделген талаптарға сәйкес келетін рейтингілік бағасы жоқ бірінші шағын санаттың (ең жоғарғы санат) борыштық бағалы қағаздары» шағын санатына енгізілген, (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, осы тармақтың 10), 11) тармақшаларында көрсетілген бағалы қағаздарды қоспағанда, (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде), қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, мына талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары:

қор биржасымен танылған рейтингілік агенттіктер бағасының болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентін мемлекеттік тіркеу оның бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу туралы өтініш берілген күнге дейін кемінде екі жыл бұрын жүзеге асырылды;

борыштық бағалы қағаздардың эмитенті ҚЕХС-ке немесе АҚШ ҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептілікті жасайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің қаржылық есептілігінің аудитін қор биржасымен танылатын аудиторлық ұйымдардың тізбесіне енетін аудиторлық ұйымдардың бірі жүргізеді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі кемінде аяқталған екі қаржы жылы үшін берілді;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің меншікті капиталы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің соңғы екі жылдың біреуіндегі таза табысы аудиторлық есеппен расталған соңғы есепті күнге жасалған қаржылық есептілікке сәйкес республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің сексен бес мың алты жүз еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

лизинг ұйымын және кредиттік серіктестікті қоспағанда, борыштық бағалы қағаздар эмитентінің – қаржылық емес ұйымның негізгі қызметі бойынша соңғы екі жылдың әрқайсысындағы сату көлемі



аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілік деректері бойынша республикалық бюджет туралы заңда белгіленген, тиісті қаржы жылына айлық есептік көрсеткіштің екі миллион елу мың еселенген мөлшерінен кем емес баламалы соманы құрайды;

борыштық бағалы қағаздар эмитенті акционерлерінің жалпы жиналысы бекіткен корпоративтік басқару кодексінің болуы;

қор биржасының ресми тізімінде борыштық бағалы қағаздардың болған уақытында осы бағалы қағаздар бойынша маркет-мейкердің бар болуы;

борыштық бағалы қағаздар эмитентінің құрылтай құжаттарында және (немесе) бағалы қағаздардың шығарылым проспектісінде бағалы қағаздардың меншік иегерлерінің оларды иеліктен шығару (беру) құқықтарына нұқсан келтіретін немесе шектейтін нормалар болмайды;

13) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

14) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде);

15) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары;

16) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің «BBB-»-тен төмен емес халықаралық рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомаларын ескергенде) халықаралық қаржы ұйымдары шығарған борыштық бағалы қағаздары;

17) тазартылған қымбат металдар және металл депозиттері;

18) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар шетел эмитенттерінің акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

19) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

20) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, № 77 қаулыда көзделген талаптарға сәйкес келетін ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, қор биржасы тізімінің «акциялар» секторының бірінші және (немесе) екінші санатына енгізілген Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының акциялары базалық активі болып табылатын депозитарлық қолхаттар;

21) ықтимал шығындар резервтерін шегергендегі, бағалы қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушылардың және акционерлері бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары болып табылатын, бағалы қағаздар нарығы инфрақұрылымының бөлігі болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың елу пайызға азайтылған акциялары;

22) қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергенде, шарт талаптары бойынша мерзімі өтпеген, Басқарушының балансы бойынша активтер сомасының он пайызынан аспайтын мөлшерде Басқарушыға қатысты үлестес тұлға болып табылмайтын ұйымдардың дебиторлық берешегі (ықтимал шығындар резервтерін шегергенде);



1-қосымшада:

«Кредиттік тәуекел» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 13-1-жолмен толықтырылсын:

« 13-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 14-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 14	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктеріндегі салымдары		10	
------	--	--	----	--

реттік нөмірі 14-1-жолмен мынадай редакцияда толықтырылсын:

« 14-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «АА»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		10	
--------	---	--	----	--

реттік нөмірі 16-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 16	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас деңгейде рейтингі бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялар		10	
------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 16-1-жолмен толықтырылсын:

« 16-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «А-»-тен төмен емес рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-тен рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкіл бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар		10	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 21-1-жолмен толықтырылсын:

« 21-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен бастап «BBB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар, немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен бастап «kzBBB»-ға дейінгі рейтингілік бағасы бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 22-1-жолмен толықтырылсын:

« 22-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A+»-тен «A-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резидент емес бас банкінің резидент еншілес банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		25	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 24-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 24	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA-»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының ұйымдары, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		25	
------	--	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 24-1-жолмен толықтырылсын:

« 24-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB+»-тен «BBB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzA»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		25	
--------	---	--	----	--

мынадай редакциядағы реттік 25-1-жолмен толықтырылсын:

« 25-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктері шығарған борыштық бағалы қағаздар		50	
--------	--	--	----	--

реттік нөмірі 27-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 27	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		75	
------	--	--	----	--

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 27-1 және 27-2-жолдармен толықтырылсын:

« 27-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктер шығарған борыштық бағалы қағаздар		75	
--------	---	--	----	--

27-2	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzBBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар екінші деңгейдегі банктердің банктік депозиттік сертификаттар		75	
------	---	--	----	--

реттік нөмірі 29-жол мынадай редакцияда жазылсын:

« 29	Қазақстан Республикасының және басқа да мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-тен «BB-»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBBB-»-тен «kzBB»-ге дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының ұйымдары, екінші деңгейдегі банктерді қоспағанда, шығарған мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған айырбасталмайтын артықшылықты акциялары		100	
------	--	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 31-жолмен жазылсын:

« 31	Осы Нұсқаулықтың 15-тармағының 3) тармақшасының төртінші абзацына сәйкес Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар		100	
------	---	--	-----	--

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 31-1-жолмен толықтырылсын:

« 31-1	Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-дан «B»-ға дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	
--------	--	--	-----	--

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 32-жолмен толықтырылсын:

« 32	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес шығарылған, Standard & Poog's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB-»-тен «kzB»-ға дейін рейтингілік бағасы немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, эмитентінің осыған ұқсас рейтингілік бағасы бар айырбасталмайтын артықшылықты акциялар (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)		130	
------	---	--	-----	--

реттік нөмірі 34-жол мынадай редакцияда жазылсын:

34	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы Нұсқаулықтың 11-тармағының 12) тармақшасына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, №77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының бірінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкесетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының айырбасталмайтын артықшылықты акциялары (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)			
----	---	--	--	--

реттік нөмірі 37-жол мынадай редакцияда жазылсын:



37	Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының ұйымдары шығарған, осы Нұсқаулықтың 11-тармағы 13) тармақшасына сәйкес келетін, қор биржасының ресми тізіміне енгізілген мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар, сондай-ақ қор биржасының ресми тізіміне енгізілген, №77 қаулыда көзделген «акциялар» секторының екінші (ең жоғарғы) санатының талаптарына сәйкесетін Қазақстан Республикасы ұйымдарының айырбасталмайтын артықшылықты акциялары (қалыпты және агрессивті инвестициялық портфельдер үшін)			
----	---	--	--	--

9-қосымшада:

«Қор үшін «Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті» (K1) пруденциалдық нормативін есептеу» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:

« 3-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар немесе Standard & Poor' агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	--	--	-----	----

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

« 4-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	---	--	-----	----

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингілік бағасы, немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингілік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	---	--	-----	----

13-қосымшада:

«Қор үшін «Меншікті капитал жеткіліктілігінің коэффициенті» (K1) пруденциалдық нормативін есептеу» кестесі:

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 3-1-жолмен толықтырылсын:

« 3-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар немесе Standard & Poor' агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-дан төмен емес рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	---	--	-----	----

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 4-1-жолмен толықтырылсын:

« 4-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-»-тен төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының резиденті емес бас банктің еншілес резидент банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	---	--	-----	----

мынадай редакциядағы реттік нөмірі 5-1-жолмен толықтырылсын:

« 5-1	Standard & Poor's агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B+»-тен «B»-ке дейінгі ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы немесе Standard & Poor's агенттігінің ұлттық шәкілі бойынша «kzBB»-тен «kzB+»-ке дейінгі рейтингтік бағасы, немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шәкілі бойынша осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің банктік депозиттік сертификаттары		100	»;
-------	--	--	-----	----

8. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының «Жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларын бекіту туралы» 2012 жылғы 24 ақпандағы № 76 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7570 тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда, 2012 жылғы 25 шілдеде «Егемен Қазақстан» газетінде №261-266, 415-416 (27340, 27495) жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Жинақтаушы зейнетақы қорларына және зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін қалыптастыру қағидаларында:

4-қосымшада:

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Қордың зейнетақы қағидалары Қордың және салымшылардың (алушылардың) арасында туындайтын құқықтық қатынастар ерекшеліктерін белгілейді және оған:

- 1) Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 29-бабының 1-тармағында көрсетілген мәліметтер;
- 2) мыналар:

салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына қаражаттың уақтылы келіп түсуін және есепке алудың дәйектілігін қамтамасыз ету;

салымшылардың (алушылардың) шағымдары мен өтініштерін қарау нәтижелері бойынша салымшыға (алушыға) жіберген жауабының мазмұнына қойылатын талаптарды және оларды қарау мерзімін көрсете отырып, салымшылардың (алушылардың) шағымдары мен өтініштерін қарау;

салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты аударымдарының және төлемдерінің уақтылы жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

зейнетақы активтері есебінің Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына қайшы келмейтін бөлігінде Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасының, Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы заңнамасының талаптарына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес келуін қамтамасыз ету;

зейнетақы активтерін есепке алудың және зейнетақы активтерін уақтылы инвестициялаудың Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасының талаптарына сәйкес келуіне мониторинг жүргізуін қамтамасыз ету;

комиссиялық сыйақының дұрыс есептелуін тексеру;

Қордың, салымшы (алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасу үшін өтініш жасаған оның филиалдарының және (немесе) өзге бөлімшелерінің (өкілдіктерінен басқа) орналасқан жерін көрсете отырып, Қорда салымшылармен (алушылармен) зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар жасасу қызметінің ұйымдастырылуын бақылау;

салымшыларға (алушыларға), сондай-ақ зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартын жасасуға ниеттенген адамдарға жинақтаушы зейнетақы жүйесінің жұмыс істеуі және зейнетақы активтерін инвестициялық басқару қызметі мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету функциялары жүктелген Қор қызметкерлерінің қызметін бақылау бойынша рәсімдерді қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, салымшылармен (алушылармен) жұмыс жүргізуді ұйымдастыру және олардың жинақталған зейнетақы қаражатын есепке алу тәртібі;

3) Қор зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру қызметі барысында пайдаланатын құжаттардың үлгі нысандары кіреді.».

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 377

### *Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің шекті мөлшерін бекіту туралы*

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 718-бабының 2-тармағына, «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 1-тармағына және «Кредиттік серіктестіктер туралы» 2003 жылғы 28 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 20-1-бабының 1-тармағына сәйкес және екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы және микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктер беретін банк қарыздары, микрокредиттер, кредиттер бойынша сыйақының мөлшерлемелерін айқындау мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, микроқаржы және микрокредиттік ұйымдар мен кредиттік серіктестіктер беретін банк қарыздары, микрокредиттер, кредиттер бойынша сыйақының шекті жылдық тиімді мөлшерлемесі 56 (елу алты) пайыз мөлшерінде бекітілсін.

Банк қарызы шартын, микрокредит беру туралы шартты, кредиттік шартты жасау, банк қарызын, микрокредитті немесе кредитті берумен және қызмет көрсетумен байланысты сыйақы мөлшерлемесі өзгерген және (немесе) комиссиялар мен өзге төлемдер өзгерген немесе жаңадан енгізілген күні сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі осы тармақта бекітілген шекті мөлшерден асып кете алмайды.

2. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «Сыйақының жылдық тиімді ставкасының шекті мөлшерін бекіту туралы» 2011 жылғы 25 наурыздағы № 33 қаулысының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6947 тіркелген, «Заң газеті» газетінде 2011 жылғы 19 мамырда № 68 (1884), Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2011 жылғы 22 қарашада № 23 жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және микрокредиттік ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 28 қаңтарда № 8306 тіркелген*

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 378

*Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін  
есептеу қағидаларын бекіту туралы*

«Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және микрокредиттік ұйымдарға 2016 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 28 қаңтарда № 8307 тіркелген*



## Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары

Осы Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес әзірленді және микроқаржы және микрокредиттік ұйымдардың (бұдан әрі – микроқаржы ұйымдары) берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу тәртібін белгілейді.

### 1. Жалпы ережелер

1. Қағидалардың мақсаттары үшін мынадай ұғым пайдаланылады:

сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі – микрокредит бойынша дәйекті, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде есептелетін, Қағидаларға сәйкес есептеп шығарылатын сыйақы мөлшерлемесі.

2. Микроқаржы ұйымдары микрокредит беру туралы шартта сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін көрсетеді.

Микрокредит беру туралы шартта сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі компьютерлік техника қондырғысының көмегімен бір қосымшада цифрмен және жазумен көрсетіле отырып, сондай-ақ сыйақының басқа мөлшерлемелерімен қаріптері бірдей көлемдегі және ресімдеу стиліндегі (курсив, қарайтылған, түспен бояп көрсету, мөлшері) нысанда басып көрсетіледі.

3. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебі:

1) микрокредит беру туралы шарт жасалған күнге;

2) қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

3) микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оны төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатын, шартқа қосымша келісім жасау жолымен жүргізіледі.

4. Микрокредит беру туралы шарт талаптары қарыз алушының ақшалай міндеттемелері сомасының (мөлшерінің) және (немесе) оны төлеу мерзімінің өзгеруіне әкеп соғатындай өзгерген кезде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің нақтыланған мәні микрокредит беру туралы шарт қолданыла бастаған мерзімнен бастап қарыз алушы микрокредит бойынша төлеген төлемдерді есептемегенде, талаптарды өзгерту басталған күнгі микрокредитті өтеудің қалған мерзіміне қарай есептеледі.

Микрокредит беру туралы шарт талаптарының өзгеруіне байланысты төленуі тиіс комиссиялар болған кезде бұл комиссиялар сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің есебіне кіреді.

### 2. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$(СЖС + ТЖС)/(БҚ/М)$$

$$СЖТМ = \text{-----} \times 12 \times 100, М$$

мұндағы:

СЖТМ – микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі;

СЖС – микрокредитті пайдаланудың бүкіл мерзіміндегі сыйақының жалпы сомасы;

ТЖС – микроқаржы ұйымының микрокредитті пайдаланудың бүкіл мерзімінде микрокредиттің берілгені, қызмет көрсетілгені және өтелгені (қайтарылғаны) үшін комиссиялары мен өзге төлемдерінің жалпы сомасы;

БҚ – микрокредитті пайдаланудың бүкіл мерзімінде микрокредит бойынша берешектің ай сайынғы қалдықтарының жалпы сомасы;

М – микрокредитті өтеудің аймен көрсетілген мерзімі.

6. Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуі тиіс:

1) егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;

2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.

7. Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде мыналар есепке алынады:

1) микрокредитті өтеудің бүкіл мерзімінде микрокредит бойынша сыйақы;

2) комиссиялар және өзге төлемдер – қарыз алушының мөлшерлері мен төлеу мерзімдері микрокредит беру туралы шарт жасау сәтінде белгілі болған, микрокредитті алумен, пайдаланумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты, микроқаржы ұйымына микрокредит беру туралы шартқа сәйкес төленуі тиіс шығыстары, сондай-ақ:

егер сақтандыру шарты бойынша сақтандыру оқиғасы басталған жағдайда микроқаржы ұйымы пайда алушы болса, қарыз алушының сақтандыру ұйымының пайдасына төлемдері;

егер кепілді бағалау қажеттігі микрокредитті беру қағидаларында көзделсе, қарыз алушының кепілдікті (кепілгерлікті) алғаны үшін кепіл берушіге (кепілгерге), кепілге берілетін мүлікті бағалағаны үшін бағалаушыға төлеген төлемдері;

микрокредитті алу және қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді көрсетуші басқа ұйымдарға (делдалдарға) төлемдер.

8. Сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде мыналар есептелмейді:

1) тұрақсыздық (айыппұл, өсімпұл), оның ішінде қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт талаптарын сақтамағаны үшін;

2) микрокредит беру туралы шартта көзделген микрокредитке қызмет көрсету жөніндегі, көлемі және (немесе) төлеу мерзімдері шарт жасалған күні белгісіз болған және қарыз алушының шешіміне және (немесе) оны жүргізу нұсқасына (микрокредитті мерзімімен бұрын толық немесе ішінара өтеу) байланысты төлемдер.

9. Микрокредит беру туралы шартқа өзгерістер мен толықтырулар, оның ішінде қарыз алушының өтініші бойынша енгізілген жағдайда, Қағидалар қолданысқа енгізілгенге дейін қарыз алушымен жасалған микрокредит беру туралы қолданыстағы және сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мәні көрсетілмеген шарт бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мәні микрокредит беру туралы шартқа қосымша келісімде Қағидалардың 4-тармағында көзделген жағдайларда, микрокредит беру туралы шарт талаптары өзгертіле бастаған күнге, қалған жағдайларда – микрокредит беру туралы шарт жасалған күнге көрсетіледі.

10. Қарыз алушының микроқаржы ұйымына төлеген төлемдері және микроқаржы ұйымының қарыз алушыға төлемдері сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу мақсатында олар нақты төленген күнге, болашақтағылары – төлемдер графигі бойынша есепке алынады.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 379

*Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі  
Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы  
зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің  
ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына өзгерістер мен толықтыру  
енгізу туралы*

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесін бекіту туралы» 2006 жылғы 9 қаңтардағы № 6 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4070 тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының және жинақтаушы зейнетақы қорының уақытша әкімшілігін (уақытша басқарушысын) тағайындау және қызметінің ережесінде:

8, 9, 10 және 11-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Уақытша әкімшілік уәкілетті орган оны тағайындаған күні өз міндеттерін орындауға кіріседі. Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру және уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімдерінің көшірмелерін уақытша әкімшілік ұйымның басшылығына қол қойдырып тапсырады.

Шешімдерді қол қойдырып тапсыру мүмкін болмаған жағдайда уақытша әкімшілік бұл туралы акті жасайды және уәкілетті органды хабардар етеді.

Уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшіліктің жұмысына басшылық жасайды және үйлестіреді, мүліктің сақталуын қамтамасыз ету және қаржы ұйымын басқару өкілеттіктерін жүзеге асырады, уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөледі.

Міндеттерді бөлуді уақытша әкімшілік басшысы уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уақытша әкімшілік мүшелерінің арасында міндеттерді бөлу туралы бұйрық шығару және олардың өкілеттіктерін бекіту арқылы жүзеге асырады.

9. Уақытша әкімшілік ұйым басшысына уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімін тапсырған күні мынадай іс-әрекеттерді орындайды:

1) ұйым басшысынан өзіне барлық мөрлерді, мөртабандарды, клише мен пломбирлерді, ұйымды тіркеуге байланысты құжаттарды, ұйымға берілген лицензиялардың түпнұсқаларын, фирмалық бланкілерді, ақпаратты электрондық тасымалдағыштарды, бағдарламалық қамтамасыз етуді, ұйым меншік иесі болып табылатын құжаттамалық нысанда шығарылған басқа заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын дереу тапсыруын талап етеді және оларды қабылдау-тапсыру актісі бойынша қабылдайды;

2) Банктер туралы заңның 48-1-бабы 1-тармағының 3) тармақшасында, Сақтандыру туралы заңның 69-бабы 2-тармағының 6) тармақшасында, Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңның 45-2-бабы 4-тармағының 6) тармақшасында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады;

3) ұйымның, оның филиалдары мен өкілдіктерінің кассасындағы барлық ақшалай және өзге де құндылықтарын тексере отырып, кассаға тексеру (ревизия) жүргізеді, қолма-қол ақшаны одан кейін банктің корреспонденттік шоттарына, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде және тиісінше банктерде ашылған сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымы мен жинақтаушы зейнетақы қорының ағымдағы шоттарына аудару үшін оның инкассациясын ұйымдастырады;

4) ұйымның атынан бұрын берілген сенімхаттардың күшін жояды;

5) қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның ұйымды лицензиясынан айыру туралы шешімінің көшірмесін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұйымның клиенттері танысу үшін қол жетімді орында орналастырады;

6) уақытша әкімшілікті тағайындау күніне қолда бар электрондық түрдегі бухгалтерлік ақпаратты (банктер үшін – баланстық және баланстан тыс шоттардағы қалдық туралы есеп (700-Н нысаны), сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары және жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін – бас бухгалтерлік кітап) есептік автоматтандырылған жүйенің деректерін бөлек электрондық тасымалдағышқа көшіре отырып (резервтік көшірмелер) басып шығарады. Мұндай ақпарат электрондық түрде болмаған кезде қағаз тасымалдағыштағы көрсетілген күнге ақпарат негізге алынады.

10. Уақытша әкімшілік мынадай іс-әрекеттерді орындайды:

1) ұйымның активтерін, міндеттемелерін (баланстық және баланстан тыс), құжаттарын түгендеуді жүргізеді, қабылдау-тапсыру актісі бойынша ұйымның мүлкін және құжаттарын қабылдайды, олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

2) ұйымды басқару жөніндегі функцияларды жүзеге асырады және ұйымның барлық құжаттарына қол қояды;

3) ұйымның атынан соттарға талап-арыздар, оның ішінде егер ұйым органдары мүшелерінің, бас бухгалтерінің іс-әрекетімен (әрекетсіздігімен) ұйымға шығын келтірілген болса, оларды жауапкершілікке тарту туралы талап-арыздар береді;

4) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таралатын екі мерзімді баспа басылымында қазақ тілінде және орыс тілінде хабарландыру жариялау жолымен қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиядан айыру туралы шешімін және уәкілетті органның уақытша әкімшілікті тағайындау туралы шешімінің көшірмесін ұйым акционерлеріне, кредиторларына және дебиторларына жеткізеді;

5) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде ұйым шоттарының бар екендігін анықтайды және корреспонденттік, ағымдағы шоттардың (оның ішінде шетелдік банктердегі) және жинақтаушы зейнетақы қорының кастодиан-банкіндегі шоттардың қалдықтарын салыстырып тексереді. Ұйымның бухгалтерлік есебінің деректері бойынша шоттардың қалдықтарын көрсетілген шоттар ашылған банктердің деректерімен салыстырып тексереді және салыстырып тексеру қорытындылары бойынша тиісті акті жасайды;

6) толық материалдық жауапкершілік атқаратын адамдар, оның ішінде бухгалтерлік есепті жүргізудің автоматтандырылған ақпарат жүйесіне және ұйымның қаржылық және өзге де есептілігін жасауға қолы жетімді адамдар тобын айқындайды;

7) уақытша әкімшіліктен тарату комиссиясына ұйымның мүлкін, құжаттарын және іс қағаздарын қабылдау-тапсыру аяқталғаннан кейін уақытша әкімшіліктің орындаған жұмысы туралы есебін уәкілетті органға бекіту үшін ұсынады;

8) уақытша әкімшіліктің қызметі кезеңінде қызметкерлермен еңбек қатынастарын жалғастыру қажеттілігі болмаған жағдайда олармен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбек шарттарын бұзады;

9) тағайындалған күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде мүлікті және онымен жасалатын мәмілелерді тіркеуді жүзеге асыратын органдарға, сондай-ақ «Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі», «Бағалы қағаздардың бірыңғай тіркеушісі», «Қазақстан қор биржасы» акционерлік қоғамдарына ұйымның лицензиясынан айырылғаны және уақытша әкімшіліктің тағайындалғаны туралы хабарлайды және ұйымның мүлкін иелігінен шығару жөніндегі уақытша әкімшілік жасамайтын мәмілелерді тіркеуге, сондай-ақ ұйым кепіл ұстаушысы болып табылатын мүліктен ауыртпалықты алуға тыйым салуды белгілейді;

10) ұйымның активтерін анықтайды;

11) өзінің функциялары мен міндеттерін орындауды қамтамасыз ету үшін ақысы төленетін қызмет көрсету шарттары бойынша адамдарды тартады;

12) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес ақысы төленетін қызмет көрсету шарттарын өзгертеді және бұзады.

11. Уақытша әкімшілік өз қызметі кезеңінде Ереженің 7-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, шығыс операцияларын жүзеге асырмайды.

Уақытша әкімшілік шығыстарды уақытша әкімшілік басшысы бекіткен шығыстар сметасына сәйкес жүзеге асырады. Шығыстар сметасы ай сайынғы жоспарланатын шығындарға қарай жасалады және уақытша әкімшілік тағайындалған күннен бастап жеті күнтізбелік күннен кешіктірмей түсіндірме жазбасымен уәкілетті органға ұсынылады.

Уәкілетті орган уақытша әкімшіліктің қызметіне, оның ішінде уақытша әкімшіліктің шығыстар сметасында көзделген ақшаның пайдаланылуына бақылау жасайды.

Шығындардың бір бабы бойынша басқа бап бойынша үнемдеу есебінен артық шығысты жүзеге асыруға жол берілмейді.»;

мынадай мазмұндағы 25-1-тармақпен толықтырылсын:

«25-1. Уақытша әкімшілік шығыстарды барынша азайту мақсатында ұйымның мүлкін жалға береді.

Мүлікті жалға бергеннен алынған ақша ұйымның банк шотына жіберіледі.

Уақытша әкімшіліктің жалдау шартын жасауы уақытша әкімшіліктің бірінші талабы бойынша мүлікті босатуға (қайтаруға) және жалданған мүлікті қосалқы жалға (қосалқы жалдауға) беруге болмайтындығы жөніндегі шектеулерді қабылдауға жалға алушының келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

Жалдаушыны уақытша әкімшілік тендер өткізу жолымен таңдайды, оның нәтижелері бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 25 ақпандағы № 40 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4181 тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасында банктерді мәжбүрлеп тарату ережесі 84-2, 84-3, 84-4, 84-5 және 84-6-тармақтарының талаптарына сәйкес шарт жасалады.».

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ**  
**БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ**

Алматы

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 382

*Пруденциалдық нормативтерді және микроқаржы ұйымының сақтауы міндетті  
басқа да нормалар мен лимиттерді және оларды есептеу әдістемесін,  
сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік берудің нысандарын  
және мерзімдерін бекіту туралы*

«Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса беріліп отырған Пруденциалдық нормативтер және микроқаржы ұйымының сақтауы міндетті басқа да нормалар мен лимиттер және оларды есептеу әдістемесі, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік берудің нысандары және мерзімдері бекітілсін.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*\*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 4 ақпанда № 8317 тіркелген*

Пруденциалдық нормативтер және микроқаржы ұйымының сақтауы  
міндетті басқа да нормалар мен лимиттер және оларды есептеу  
әдістемесі, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік  
берудің нысандары және мерзімдері

Осы Пруденциалдық нормативтер және микроқаржы ұйымының сақтауы міндетті басқа да нормалар мен лимиттер және оларды есептеу әдістемесі, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік берудің нысандары және мерзімдері (бұдан әрі - Пруденциалдық нормативтер) «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Пруденциалдық нормативтерді және микроқаржы ұйымының сақтауы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерді және оларды есептеу әдістемесін, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік берудің нысандарын және мерзімдерін белгілейді.

Заңға сәйкес Пруденциалдық нормативтердің және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттердің құрамына:

- 1) жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері;
- 2) меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері;
- 3) меншікті капиталдың жеткіліктілігі;
- 4) бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері;
- 5) левередж коэффициенті кіреді.

1. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері

1. Жарғылық капиталдың ең төменгі мөлшері 30 000 000 (отыз миллион) теңгені құрайды.

2. Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері

2. Меншікті капиталдың ең төменгі мөлшері 30 000 000 (отыз миллион) теңгені құрайды.

3. Меншікті капиталдың жеткіліктілігі

3. Микроқаржы ұйымының меншікті капиталының жеткіліктілігі  $k^1$  болып сипатталады және меншікті капиталдың баланс бойынша активтер сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

$k^1$  коэффициентінің мәні 0,1 құрайды.

4. Микроқаржы ұйымының меншікті капиталы:

микроқаржы ұйымының негізгі қызмет мақсаты үшін сатып алынған лицензиялық бағдарламалық камтамасыз етуден басқа материалдық емес активтерді;

басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған микроқаржы ұйымының инвестицияларын шегергенде;

төленген жарғылық капиталы;

қосымша капитал;

өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны) (оның ішінде өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер);

есепті кезеңде бөлінбеген таза пайданың (шығынның) мөлшері;

негізгі қаражатты қайта бағалау мөлшері сомасы ретінде есептеледі.

5. Басқа заңды тұлғалардың капиталына салынған микроқаржы ұйымының инвестициялары кредиттік бюролардың, микроқаржы ұйымдарының, банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау қызметін көрсететін ұйымдардың және күзету қызметіне лицензиясы бар ұйымдардың акцияларына немесе жарғылық капиталына қатысу үлесіне микроқаржы ұйымының салымдарын білдіреді.

4. Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері

6. Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері:

Лондондық қымбат металдар нарығының қауымдастығы (London billion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металдары;

Standard & Poog's агенттігінің «А»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктердің кепілдіктері түрінде қарыз алушының міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету сомасын шегергенде;

микроқаржы ұйымының қарыз алушыға микрокредиттер және дебиторлық берешек түрінде қойылатын талаптар;

микроқаржы ұйымының балансынан есептен шығарылған микроқаржы ұйымының қарыз алушыға қойылатын талаптар сомасы ретінде есептеледі.

7. Бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері  $k^2$  коэффициентімен сипатталады және микроқаржы ұйымының бір қарыз алушыға тәуекел мөлшерінің микроқаржы ұйымының меншікті капиталына оның міндеттемелері бойынша қатынасы ретінде есептеледі.

$k^2$  коэффициентінің мәні 0,25-тен аспайды.

8. Микроқаржы ұйымының қарыз алушыға қоятын талаптарының олар пайда болған күнгі жалпы көлемі осы Пруденциалдық нормативтерде белгіленген шектеулер шегінде болса, бірақ соңынан соңғы үш ай ішінде микроқаржы ұйымының меншікті капиталының деңгейі бес пайыздан артық төмендеуіне байланысты аталған шектеулерден асып кеткен жағдайда не соңғы үш ай ішінде қарыз алушыға қойылатын талаптар он пайыз деп көрсетілген теңгенің шетел валютасымен орташа алынған биржалық бағамының ұлғаюынан микроқаржы ұйымының қарыз алушыға қоятын талаптарының өсуіне байланысты бір қарыз алушыға деген тәуекел нормативінің барынша жоғары мөлшері орындалды деп есептеледі.

Аталған жағдайларда микроқаржы ұйымы шектеулерден асып кету фактісі туралы микроқаржы ұйымының орналасқан жері бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің аумақтық филиалына (бұдан әрі – уәкілетті орган) жоғарыда көрсетілген асып кету пайда болған күннен кейінгі күн ішінде хабардар етеді және ағымдағы және одан кейінгі айларда шектеуден асып кетуді жою жөнінде міндеттемелер қабылдайды. Егер осы шектен асып кетуді микроқаржы ұйымы көрсетілген мерзімде жоймаған жағдайда бір қарыз алушының ең жоғары тәуекел мөлшерінің нормативі шегінен асып кету осы аталған шектен асып кету анықталған күннен бастап осы нормативтің бұзылуы деп қарастырылады.

5. Левередж коэффициенті

9. Міндеттемелерге қатысты микроқаржы ұйымының капиталдандыруы  $k^3$  левередж коэффициентімен сипатталады және микроқаржы ұйымының жиынтық міндеттемелері сомасының оның меншікті капиталына қатысты сома ретінде есептеледі.

$k^3$  коэффициентінің мәні 10-нан аспайды.

10. Микроқаржы ұйымының жиынтық міндеттемелерінен  $K^3$  коэффициентін есептеу мақсатында халықаралық қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелер алып тасталады.

Осы Пруденциалдық нормативтердің мақсаттары үшін мынадай ұйымдар халықаралық қаржы ұйымдарына жатады:

Азия даму банкі (the Asian Development Bank);

Африка даму банкі (the African Development Bank);

Еуропалық Кеңестің Даму Банкі (the Council of Europe Development Bank);

Еуразия даму банкі (Eurasian Development Bank);

Еуропа қайта құру және даму банкі (the European Bank for Reconstruction and Development);

Еуропалық инвестициялық банк (the European Investment Bank);

Ислам даму банкі (the Islamic Development Bank);

Америкааралық даму банкі (the Inter-American Development Bank);

Халықаралық даму қауымдастығы;

Халықаралық қаржы корпорациясы (the International Finance Corporation);

Халықаралық қайта құру және даму банкі (the International Bank for Reconstruction and Development);

Халықаралық валюта қоры;

Халықаралық инвестициялық дауларды реттеу орталығы;

Көптарапты инвестицияларға кепілдік беру агенттігі;

Скандинавия инвестициялық банкі (the Nordic Investment Bank).

6. Есеп беру нысаны және мерзімі

11. Микроқаржы ұйымы тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың жиырмамыншы күні Астана қаласының уақыты бойынша сағат 18.00-ден кешіктірмей Пруденциалдық нормативтердің қосымшасына

сәйкес нысан бойынша электрондық және қағаз тасымалдағыштарда уәкілетті органға Пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді орындау туралы есеп (бұдан әрі – Есеп) береді.

12. Электрондық тасымалдағыштағы есеп деректердің конфиденциалдылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық қорғау құралдары бар ақпаратты кепілдік бере отырып жеткізудің тасымалдау жүйесін пайдалана отырып жіберіледі.

13. Қағаз тасымалдағыштағы есепті күндегі жағдай бойынша есепке микроқаржы ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам), бас бухгалтері, орындаушысы қол қояды және мөрмен расталады да уәкілетті органға беріледі.

Есептің көшірмесі микроқаржы ұйымында сақталады.

14. Уәкілетті органның талабы бойынша микроқаржы ұйымы сұратуды алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей белгіленген күндегі жағдай бойынша Есепті қағаз тасымалдағышта береді.

15. Электрондық тасымалдағышта ұсынылатын деректердің қағаз тасымалдағыштағы деректермен сәйкестігін микроқаржы ұйымының бірінші басшысы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам) және бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

16. Есептегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі.

17. Есепті жасау кезінде пайдаланылатын өлшем бірлігі мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан жоғары сома мың теңгеге дейін дөңгелектенеді. Коэффициенттер үтірден кейін үш белгімен беріледі.

18. Есепте толық емес және (немесе) дәйексіз ақпаратты анықтаған жағдайда уәкілетті орган микроқаржы ұйымы берген Есепті түзетуді талап етеді. Уәкілетті орган тиісті Есепті түзету қажеттілігі туралы микроқаржы ұйымына жазбаша хабарлайды. Микроқаржы ұйымы хабарлама алған күннен бес жұмыс күні ішінде Есепке түзету енгізеді немесе уәкілетті органның талаптарымен келіспеген жағдайда жазбаша түсініктеме береді, оны қарау нәтижелері бойынша уәкілетті орган микроқаржы ұйымы шешіммен белгіленген мерзімде орындауы міндетті Есепті түзету қажеттілігіне қатысты түпкілікті шешім қабылдайды.

19. Есепке өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажет болған жағдайда микроқаржы ұйымы Есепті берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде уәкілетті органға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттілігінің себептерін түсіндіре отырып, жазбаша өтініш береді.

Пруденциалдық нормативтерге және микроқаржы ұйымының сақтауы міндетті басқа да нормалар мен лимиттерге және оларды есептеу әдістемесіне, сондай-ақ олардың орындалуы туралы есептілік берудің нысандарына және мерзімдеріне қосымша  
Нысан

20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

(микроқаржы ұйымының атауы)  
пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді орындау туралы есебі  
(мың теңгемен)

№	Баптардың атауы	Сомасы
1	2	3
1	Төленген жарғылық капитал	
2	Қосымша капитал	
3	Өткен жылдардың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны)	
4	Өткен жылдардың таза кірісі есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер	
5	Есепті кезеңде бөлінбеген таза пайданың (шығынның) мөлшері	
6	негізгі қаражатты қайта бағалау	
7	Микроқаржы ұйымының негізгі қызмет мақсаты үшін сатып алынған лицензиялық бағдарламалық қамтамасыз етуден басқа материалдық емес активтер	
8	Кредиттік бюролардың, микроқаржы ұйымдарының, банкноталарды, монеталар мен құндылықтарды инкассациялау қызметін көрсететін ұйымдардың және күзету қызметіне лицензиясы бар ұйымдардың акцияларына немесе жарғылық капиталына қатысу үлесіне микроқаржы ұйымының инвестициялары	
9	Микроқаржы ұйымының есептік меншікті капиталы	
10	Микроқаржы ұйымының балансы бойынша активтер	
11	k1 меншікті капитал жеткіліктілігі	
12*	Бір қарыз алушының микроқаржы ұйымының алдындағы жиынтық берешегі (ұйымның балансы есептен шығарылғанды қоса алғанда)	
13*	Лондондық қымбат металлдар нарығының қауымдастығы (London billion market association) қабылдаған халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін және осы қауымдастықтың құжаттарында «Лондондық сапалы жеткізілім» («London good delivery») стандарты ретінде белгіленген тазартылған қымбат металлдары түрінде қарыз алушының қамтамасыз етуі	
14*	Standard & Poor's агенттігінің «А»-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі бар немесе басқа рейтингілік агенттіктердің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар банктердің кепілдіктері түрінде қарыз алушының қамтамасыз етуі	
15*	k2 бір қарыз алушыға тәуекелдің ең жоғарғы мөлшері	
16	Халықаралық қаржы ұйымдары болып табылатын Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы міндеттемелерді қоспағанда, микроқаржы ұйымының жиынтық міндеттемелері	



17	к3 жиынтық міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті	
18	Микроқаржы ұйымының микрокредиттерінің жиынтық мөлшері	

Бірінші басшы (ол болмаған кезде – оның орнындағы адам)

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) \_\_\_\_\_ (қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, бар болса - әкесінің аты) \_\_\_\_\_ (қолы)

Орындаушы: \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі және аты) \_\_\_\_\_ (қолы) \_\_\_\_\_ (телефон нөмірі)

Есепке қол қойылған күн 20\_\_\_\_\_ жылғы «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_

Мөрдiң орны

\* 12, 13, 14 және 15-жолдар бойынша микроқаржы ұйымы алдындағы ең көп жиынтық берешегі бар қарыз алушы бойынша ақпарат беріледі.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

Алматы

2012 жылғы 24 желтоқсан

№ 385

*Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы*

«Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 8-бабының 3 және 13-тармақтарын, 11-1-бабының 14-тармағын, 17-бабының 5-тармағын, 17-1-бабын, 18-бабының 1-тармағын, 20-бабының 13-тармағын, 30-бабының 13-тармағын, 40-бабының 12-тармағын, 44-бабының 5-тармағын, 45-бабының 7-тармағын және 60-бабын, «Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабының 1-1-тармағын, 36-1-бабын, 52-бабының 1-2-тармағын, «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-1-бабының 6-тармағын, 21-бабының 4-тармағын, 26-бабын, 32-бабының 14-тармағын, 34-бабының 13-тармағын, 44-бабының 6-тармағын, 48-бабының 3 және 9-тармақтарын, 62-бабының 9-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мынадай Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін халықаралық шәкіл бойынша Standard & Poors рейтингілік агенттігінің «BBB»-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі белгіленсін:

банктік немесе сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар;

банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, жинақтаушы зейнетақы қорының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне ие) заңды тұлғалар;

жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымның құрылтайшылары немесе акционерлері;

Қазақстан Республикасында еншілес банктер құратын (бар) банктер;

Қазақстан Республикасында еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

2. Осы қаулының 1-тармағының талаптары мыналарға қолданылмайды:

1) төменде көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының резиденттері емес - заңды тұлғаларға:

заңды тұлғаның халықаралық шәкіл бойынша Standard & Poors рейтингілік агенттігінің «BB»-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар;

Standard & Poors рейтингілік агенттігінің «BB»-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен емес шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингісіне ие шет мемлекеттің резиденті болып табылады;

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган мен заңды тұлға резиденті болып табылатын шет мемлекеттің банктердің, жинақтаушы зейнетақы қорларының, зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдардың, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның арасында ақпарат алмасу көзделетін келісім жасалған;

2) 2013 жылғы 1 қаңтарға дейін тиісті мәртебе алған және көрсетілген күні төменде көрсетілген барлық талаптарға сәйкес келетін Қазақстан Республикасының резиденттері емес - банк холдингтеріне:

банк холдингінің ұлттық шәкіл бойынша Japan Credit Rating Agency (JCR) рейтингілік агенттігінің не JCR еншілес ұйымы болып табылатын рейтингілік агенттіктің «AAA»-дан төмен емес шетел валютасындағы ұзақ мерзімді кредиттік рейтингісі бар;

Standard & Poors рейтингілік агенттігінің «BB»-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген

рейтингілік агенттіктердің бірі берген ұқсас деңгейдегі рейтингілерінен төмен шетел валютасындағы тәуелсіз рейтингісіне ие шет мемлекеттің резиденті болып табылады;

қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган мен банк холдингі резиденті болып табылатын шет мемлекеттің банктердің қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті органның арасында ақпарат алмасу көзделетін келісім жасалған.

3. Рейтингілік агенттіктердің мынадай тізбесі белгіленсін:

Moody's Investors Service;

Standard & Poors;

Fitch;

Capital Intelligence;

Dominion Bond Rating Service (DBRS);

JCR;

Rating & Investment Information (R&I).

Рейтингілік агенттіктер тізбесіне Еуропалық одақтың кем дегенде бес елінде сыртқы кредиттік бағалау институттары (External Credit Assessment Institutions) ретінде танылған рейтингілік агенттіктер немесе мынадай талаптарға сәйкес келетін рейтингілік агенттіктер енгізіледі:

рейтингілік агенттік «Interactive Data Credit Ratings-International» рейтингілік агенттіктердің қызметін шолу жөніндегі мерзімді мамандандырылған басылымына енгізілген;

рейтингілік агенттік жүйелі негізде кем дегенде соңғы үш жылда рейтингілеу объектілеріне рейтингілер береді (жаңартады);

рейтингілік агенттіктің жарғылық капиталының ең аз мөлшері бір жүз жетпіс миллион теңгеден кем емес баламалық сомада болады;

рейтингілік агенттік рейтингі берген және жаңартқан ұйымдардың саны отыздан, оның ішінде соңғы үш жылда жиырмадан кем емес, оның ішінде бесеуден кем емесі банктер, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары, инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын компания немесе жинақтаушы зейнетақы қоры болған;

рейтингілік агенттік негізгі қызмет ретінде рейтингілер береді, сондай-ақ қосымша рейтингілік агенттіктің негізгі қызметі мәселелері бойынша талдау қызметін жүзеге асыра алады және консалтингтік қызмет көрсете алады;

рейтингілік бағалар беру методологиясы мынадай талаптарға сәйкес келеді:

рейтингілік бағаны айқындауға ықпал ететін барлық сапалық және сандық факторлар ескеріледі, ол бұрынғы рейтингілік бағалардың айқындалуы кезінде осындай факторлардың маңыздылығы туралы куәландыратын тарихи деректер негізінде жасалған статистикалық есептеулермен расталады;

рейтингі беру үшін сапалық және сандық факторларды статистикалық талдау модельдері, оның ішінде рейтингілік бағалар трансформациясының матрицалары және оларға сәйкес келетін дефолт деңгейлері (ықтималдықтары) негізінде қолданылады;

рейтингілік бағаға ықпал ететін тәуекел факторларының сандық және сапалық көрсеткіштеріне қатысты бастапқы ақпараттың шынайлығын, сондай-ақ олардың рейтингілік бағаны айқындау мақсаттары үшін өзектілігін тексеру рәсімдері қолданылады;

рейтингілік агенттік рейтингі беретін (растайтын) ұйымдар рейтингілік агенттікпен үлестес тұлға болып табылмайды;

рейтингілік агенттіктің корпоративтік басқару және ішкі бақылау жөніндегі ішкі құжаттары рейтингілік агенттіктің методологиясында көзделген сандық және сапалық факторларды қоспағанда, өзге факторлардың рейтингілік бағаларды беру барысына ықпал етуін шектейді;

рейтингілік агенттіктің рейтингі берумен тікелей шұғылданатын қызметкерлерінің тиісті жоғары техникалық (экономикалық) білімі мен қаржылық және/немесе кредиттік талдау не тәуекелдерді басқару саласында кем дегенде үш жыл жұмыс тәжірибесі бар;

рейтингілік агенттіктің ішкі құжаттарында ақпараттың қорғалуын және конфиденциалдылығын қамтамасыз ететін рәсім көзделеді;

рейтингілік агенттіктің рейтингілік бағалар беру методологиясының қағидаттары туралы мәліметтер, көрсетілетін қызметтер және берілген рейтингілік бағалар тізбесі көрсетілетін өз веб-сайты бар.

4. Осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингілік агенттіктер рейтингілері сәйкестігінің салыстырмалы кестесі осы қаулының 1-қосымшасында белгіленген.

5. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы 2012 жылғы 4 ақпаннан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

*Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылғы 4 ақпанда № 8318 тіркелген*

*№ 5 1-15 наурыз 2013*

Рейтингілердің салыстырмалы кестесі

№	Standard and Poors	Moody's Investors Service	Fitch	Dominion Bond Rating Service (DBRS)	Japan Credit Rating Agency (JCR)	Rating and Investment Information (R&I)	Capital Intelligence
1.	AAA	Aaa	AAA	AAA	AAA	AAA	AAA
2.	AA+	Aa1	AA+	AA <sub>H</sub>	AA+	AA+	AA+
3.	AA	Aa2	AA	AA	AA	AA	AA
4.	AA-	Aa3	AA-	AA <sub>L</sub>	AA-	AA-	AA-
5.	A+	A1	A+	A <sub>H</sub>	A+	A+	A+
6.	A	A2	A	A	A	A	A
7.	A-	A3	A-	A <sub>L</sub>	A-	A-	A-
8.	BBB+	Baa1	BBB+	BBB <sub>H</sub>	BBB+	BBB+	BBB+
9.	BBB	Baa2	BBB	BBB	BBB	BBB	BBB
10.	BBB-	Baa3	BBB-	BBB <sub>L</sub>	BBB-	BBB-	BBB-
11.	BB+	Ba1	BB+	BB <sub>H</sub>	BB+	BB+	BB+
12.	BB	Ba2	BB	BB	BB	BB	BB
13.	BB-	Ba3	BB-	BB <sub>L</sub>	BB-	BB-	BB-



*Қазақстан Республикасының күші жойылды деп танылатын  
нормативтік құқықтық актілерінің тізбесі*

1. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4139 тіркелген);

2. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер енгізу туралы» 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2004 жылғы 1 желтоқсанда № 3236 тіркелген);

3. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы» 2006 жылғы 12 тамыздағы № 159 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4400 тіркелген, 2006 жылғы 24 қазанда «Заң газеті» газетінде № 187 (993) жарияланған);

4. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына толықтырулар мен өзгеріс енгізу туралы» 2007 жылғы 25 маусымдағы № 186 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4818 тіркелген);

5. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» 2007 жылғы 30 қарашадағы № 255 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5066 тіркелген);

6. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес -

заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2008 жылғы 29 қазандағы № 163 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5390 тіркелген);

7. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін Қазақстан Республикасының резиденті емес - заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2009 жылғы 30 қарашадағы № 248 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6004 тіркелген);

8. Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының «Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар үшін ең аз рейтингті, осы рейтингті беретін рейтинг агенттіктерінің тізбесін белгілеу, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2004 жылғы 25 қазандағы № 304 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2006 жылғы 25 ақпандағы № 55 қаулысына өзгеріс енгізу туралы» 2010 жылғы 3 қыркүйектегі № 129 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6544 тіркелген).